

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 942 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысымен ратификацияланған Бала құқықтары туралы конвенцияның 44-бабына және Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитеті 70-сессиясының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндаманы жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 28 желтоқсандағы
№ 942 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы бесінші және алтыншы жиынтық мерзімді баяндама

Осы баяндама Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы № 77 қаулысымен ратификацияланған, 1989 жылғы 20 қарашада Нью-Йорк қаласында қол қою үшін ашық Бала құқықтары туралы конвенцияның 44-бабын орындау үшін және Мерзімді баяндамалардың (CRC/C/58/Rev.3) нысаны мен мазмұнына қатысты нақты шарттар бойынша баяндамалар дайындаудың басшылық қағидаттарында баяндалған талаптарға сәйкес, сондай-ақ Бала құқықтары жөніндегі комитеттің 2015 жылғы 30 қазандағы Қазақстанның төртінші мерзімдік баяндамасы (CRC/C/KAZ/CO/4) бойынша қорытынды ескертулерін ескере отырып әзірленді.

Баяндамада Бала құқықтары туралы конвенцияның, Балаларды сатуға, балалар жезөкшелігіне және балалар порнографиясына қатысты факультативтік хаттаманың (бұдан әрі – БСФХ), Балалардың қарулы қақтығыстарға қатысуына қатысты

факультативтік хаттаманың (бұдан әрі – ҚҚФХ) ережелерін жүзеге асыру бойынша Қазақстан қабылдайтын шаралар көрсетілген.

Баяндаманы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – ҚР БҒМ БҚҚК) дайындады. Баяндаманы дайындауға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының (бұдан әрі – ҚР ЖС), Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ІІМ), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ДСМ), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – ҚР Еңбекмині), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі – ҚР МСМ), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ЭГТРМ), Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің және азаматтық сектордың өкілдері тартылды.

Баяндамада Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған зерттеу материалдары, 2021 жылы "Рейндир" зерттеу ұйымы жүргізген балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ахуалын бағалау жөніндегі әлеуметтанулық зерттеу материалдары және басқалар пайдаланылды.

I. ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ ШАРАЛАР

Конвенцияның 4, 42 және 44 (6) баптары

Заңнама

Қорытынды ескертулердің № 8, 9 тармақтары

Қазақстанда Бала құқықтары туралы Конвенцияның, БСФХ, ҚҚФХ ережелеріне сәйкес балалардың құқығын қамтамасыз ету мен заңдық қызығушылықтарын қорғау бойынша ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдірудің шаралары қабылданды.

2015 жылғы қазанда Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі – ҚР АПК) қабылданды (№ 377-V ҚРЗ). Кодексте Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттардың құқықтық нормаларын қолданудың басымдығы көзделген.

Қазақстан 2016 жылғы қаңтарда Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы конвенцияны ратификациялады (№ 449-V ҚРЗ). Конвенция нәсілдік, ұлттық, жыныстық, діни қатыстылығына қарамастан білім беру саласындағы кемсітушіліктің алдын алуды көздейді. Конвенцияға сәйкес Қазақстан өз аумағында тұратын шетел азаматтарына білімге өз азаматтарындағыдай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2016 жылғы сәуірде Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алу тәртібі туралы конвенция және Алименттік міндеттемелерге

қолданылатын құқық туралы хаттама ратификацияланды. Бұл баланың мүдделерін барынша жақсы қамтамасыз етуге бірінші кезекте көңіл бөлінетін алименттерді өндіріп алу туралы шетелдік сот шешімдері мен келісімдерін орындаудың әмбебап тәртібін қолдануға мүмкіндік берді.

Халықаралық және ұлттық нормаларды неғұрлым егжей-тегжейлі және толық үйлестіру мақсатында негізгі қолданылу саласы балалардың құқықтары мен мүдделері болып табылатын заңдардың тұтас кешені қабылданды.

Сондай-ақ 2016 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 501-V ҚРЗ) қабылданды.

Осы Заң шеңберінде "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" (бұдан әрі – ҚР НжОК), "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодекстерге (бұдан әрі – ҚР ХДЖДЖК), Қылмыстық кодекске (бұдан әрі – ҚР ҚК), Қылмыстық-процестік кодекске (бұдан әрі – ҚР ҚПК), Қылмыстық-атқару кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚАК), "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодекске (бұдан әрі – ҚР ӘҚтК) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осылайша, жас балалардың (14 жасқа дейін) және кәмелетке толмағандардың (18 жасқа дейін) өміріне, денсаулығына және жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді.

Сондай-ақ осы Заңмен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңға, "Білім туралы" Заңға, "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Заңға, "Байланыс туралы" Заңға, "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2017 жылғы желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 128-VI ҚРЗ) қабылданды. Мәселен, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 43-бабы балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпаратқа қол жеткізуін шектеумен толықтырылды.

2018 жылғы шілдеде "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 169-VI ҚРЗ) қабылданды. Заң балалардың жасына сәйкес келетін ақпарат алу мен тарату құқықтарын іске асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғауға бағытталған.

Заңда мемлекеттік саясаттың қағидаттары айқындалған, Үкіметтің, уәкілетті органның, мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы құзыреті белгіленген. "Жас топтамасы", "жас категориясы" және "жас категориясының белгісі" ұғымдары енгізілді және әр түрлі жас топтарына арналған ақпараттық өнімдердің мазмұнына қойылатын талаптар (балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып) бекітілді.

Сондай-ақ 2018 жылғы шілдеде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 170-VI ҚРЗ) қабылданды. Мәселен, кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға (ҚК 132-бабы) және жезөкшелікпен айналысуға (ҚК 134-бабы) тарту "телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы" деген біліктілік белгісімен толықтырылды.

2019 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 240-VI ҚРЗ) қабылданды.

Заңмен ҚР ХДЖДЖК-ге кәмелетке толмағандарға қатысты денсаулық сақтау ұйымдарында қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлау туралы толықтыру енгізілді.

2019 жылғы желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 287-VI ҚРЗ) қабылданды, оның шеңберінде көпбалалы отбасыларға отбасындағы балалардың санына қарай сараланған, айлық есептік көрсеткіштерге (бұдан әрі – АЕК) еселік мөлшерде 42,5 мың теңгеден 74 мың теңгеге дейін жаңа мемлекеттік жәрдемақы көзделген.

Сондай-ақ 2019 жылғы желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 292-VI ҚРЗ) қабылданды, оның шеңберінде жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық күшейтілді.

2020 жылғы мамырда "Қазақстан Республикасы кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 326-VI) қабылданды.

Заңмен білім беру саласындағы уәкілетті органның террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі құзыретін бекітуді көздейтін нормалар енгізілді, сондай-ақ террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің тізбесі айқындалды.

2021 жылғы қаңтарда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 410-VI ҚРЗ) қабылданды.

Заңмен "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту бөлігінде құзыретін кеңейтуді көздейтін толықтырулар енгізілді. 2021 жылғы 25 мамырда ҚР БҒМ-ның тиісті бұйрығы (№ 235) қабылданды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асыру тәртібін бекітетін Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) күшіне енді, оның шеңберінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделері қозғалады. ҚР ӘРПК 27-бабына сәйкес заңда көзделген негіздер бойынша эмансипацияланған кәмелетке толмағандар эмансипацияланған кезден бастап өздерінің процестік құқықтары мен процестік міндеттерін жеке өздері жүзеге асырады. ҚР заңдарында көзделген жағдайларда, жария-құқықтық қатынастардан туындайтын әкімшілік істер бойынша он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жеке өздері қорғауға құқығы бар.

Өз кезегінде, он төрт жасқа толмаған кәмелетке толмағанның, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған адамның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта олардың заңды өкілдері, прокурор қорғайды.

Кешенді саясат және стратегия

Қорытынды ескертулердің № 10, 11 тармақтары

Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар кешені мынадай нормативтік құқықтық құжаттарға енгізілген.

2020 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы (№ 156) бекітілді.

Жол картасының қабылдануы республика балаларының құқықтарын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін құруға мүмкіндік берді. Бұл – ведомствоаралық құжат, оны іске асыруға 13 мемлекеттік орган мен ЖАО тартылған.

Өңірлерде осы 2020 – 2023 жылдарға арналған Жол картасын іске асыру жөніндегі өңірлік іс-қимыл жоспарлары бекітілді.

Сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі мәселелер "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасында, "Дені сау ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасында, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасында, Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылық профилактикасының 2020 – 2022 жылдарға арналған кешенді жоспарында, Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа және балаларға қатыгездікпен қарауға қарсы қылмыстардың алдын алу және профилактикасы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-қимыл жоспарында, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөніндегі бірлескен іс-қимылдың 2019 – 2021 жылдарға арналған ведомствоаралық жоспарында көрініс тапқан.

2021 жылы жаңа стратегиялық құжаттар әзірленді – Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі жаңа іс-қимыл жоспары. Аталған құжаттарға "Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, баланың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету" деген бөлім енгізіліп, бірқатар көрсеткіштер мен 20-дан астам іс-шара жоспарланған.

Ресурстарды бөлу

Қорытынды ескертулердің № 12, 13 тармақтары

Балалық шақ саласындағы мемлекеттік саясатпен балаларды қорғау мен балалар әл-ауқатының деңгейін көтеру бағыттарының бірі ретінде балаларға арналған бюджет айқындалды.

Балаларға арналған бюджет әдіснамасын енгізу жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспары шеңберінде "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ (бұдан әрі – ЭЗИ), ҚР БҒМ БҚҚК және БҰҰ (ЮНИСЕФ) Балалар қоры 2021 жылғы 1 сәуірдегі балаларға арналған бюджетті қалыптастыру әдістемесінің жобасын (бұдан әрі – Әдістеме жобасы) әзірледі.

Әдістеме жобасы әлемдік практикада қолданылатын балаларға арналған бюджетті қалыптастырудың негізгі тәсілдерін айқындау, Қазақстан Республикасындағы бюджеттік үдеріс пен бюджеттік қатынастарды және олардың мемлекеттік жоспарлау жүйесімен келісілуін зерделеу, балаларға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде бюджеттік қатынастарды регламенттеу мүмкіндігі тұрғысынан қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді зерделеу мақсатында әзірленді.

Әдістеме жобасы балаларға бағытталған мемлекеттік қолдаудың барлық түрлерін ескереді. Қазақстанда осы Әдістемені 2022 жылы енгізу жоспарланып отыр және ол орталық және ЖАО-ға балаларға арналған мемлекеттік қаржыландыру көлемін, осы шығыстардың басымдығын және олардың тиімділік деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдістемені енгізудің қорытындысы жыл сайынғы негізде салалық деңгейде қажетті әдіснамалық негізді құрудың қорытындысы бойынша талдамалық ақпарат ретінде қалыптастырылады.

Деректер жинау

Қорытынды ескертулердің № 14, 15 тармақтары

Қазақстанда балалардың жағдайы туралы әртүрлі деректерді мониторингтеу және жинау жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылданды.

2017 жылы "Қазақстан балалары" статистикалық жинағы әзірленді. Жинақтың құрылымы мен мазмұны мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар (бұдан әрі – ҰЕҰ) және Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі өкілдерінің қатысуымен әзірленді. Бұл жинақты шығарудың мақсаттары көрсеткіштерді жүйелеу, жұртшылықты хабардар ету, балалардың жағдайын мониторингтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ тиісті министрліктер арасында деректер алмасу және т.б. болып табылады.

Бұл жинақ деректері әртүрлі ресми дереккөздерден жинақталған және мынадай бөлімдер бойынша бөлінген: демография, денсаулық сақтау және саламатты өмір салты, білім беру, бос уақыт, әлеуметтік қорғау, заңмен байланыстағы балалар, әл-ауқат деңгейі және әлеуметтік теңдік, жасөспірімдердің жұмыспен қамтылуы, халықаралық деректермен, атап айтқанда, Орнықты даму мақсаттарымен (бұдан әрі – ОДМ) салыстыру және т.б.

Бөлімдердің бірі Бала құқықтары туралы конвенцияның қағидаттары мен ережелері және оған факультативтік хаттамалар туралы ақпаратты және ҚР БҒМ-ның балалардың жағдайы туралы жыл сайынғы баяндамаларын қамтиды. Жинақ жыл сайын шығарылады және ашық қолжетімділік СЖРА ҰСБ интернет-ресурсында (www/bala.stat.gov.kz) жарияланады.

Сондай-ақ, 2012 жылдан бастап Ұлттық білім беру деректер базасы (бұдан әрі – ҰБДБ) жұмыс істейді.

ҰБДБ-ны меншік нысанына қарамастан барлық білім беру ұйымдары толтырады, өңірлік білім басқармалары, ҚР БҒМ-не ведомстволық бағынысты ұйымдары, меншік нысандарына қарамастан жоғары оқу орындары, республикалық білім беру ұйымдары, Білім және ғылым саласындағы бақылау департаменттері толтырады және үйлестіреді.

ҰБДБ мақсаты – әкімшілік деректерді электрондық форматта жыл сайын нысандармен белгіленген мерзімдерде анық және уақтылы ұсыну.

ҰБДБ аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, ерекше білім беру қажеттілігі бар

балаларға, қамқоршылық кеңестерге, инклюзивті білім беруді енгізуге, барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын қаржыландыруға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісіне, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, балалар объектілерінің аумақтарын абаттандыруға және материалдық-техникалық базасына, жылы дәретханаларды жылытуға және жабдықтауға және т.б. қатысты бірқатар деректерді қамтиды.

2017 жылдан бастап Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және баланы отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың республикалық деректер банкі енгізілді, бұл балаларды есепке алуды автоматтандыруға ғана емес, сондай-ақ балаларды отбасына орналастыру рәсімінің бүкпесіздігін қамтамасыз етуге де мүмкіндік берді.

Тәуелсіз мониторинг

Қорытынды ескертулердің № 16, 17 тармақтары

2002 жылдан бастап Қазақстанда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – АҚУ) институты жұмыс істейді. АҚУ елдегі адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын байқауды жүзеге асыра отырып, өз қызметімен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қолданыстағы мемлекеттік құралдарын толықтырады. АҚУ өз қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз.

АҚУ-ге соңғы 3 жылда келіп түскен кәмелетке толмағандар құқықтарының бұзылуы туралы жолданымдардың саны: 2018 жылы – 68, 2019 жылы – 50, 2020 жылы – 18. Сондай-ақ 2020 жылы АҚУ кәмелетке толмағандар құқықтарының бұзылу фактілерін тексеру мақсатында мемлекеттік органдарға 7 сұрау салуға бастама жасады.

Бұдан басқа, АҚУ азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде әрекет ететін ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді.

2019 жылы ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылардың баруына жататын ұйымдардың тізбесін кеңейтуді көздейтін нормалар заңнамалық түрде (№ 240-VI ҚРЗ) бекітілді.

Қазіргі уақытта ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары баланың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын барлық ұйымдарға барады: балалар үйлері, интернаттар, балалар ауылдары, жасөспірімдер үйлері, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары, девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған мекемелер.

Сондай-ақ 2021 жылы ҚР БҒМ БҚҚК тапсырысы бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізіліп, оған 20 мың бала мен 2 мың ата-ана қатысты. Зерттеу нәтижелері балалардың 44,7 %-ы мен ата-аналардың 39,8 %-ы АҚУ мен Бала құқықтары жөніндегі уәкіл (бұдан әрі – БҚУ) институттарымен таныс емес екенін көрсетті.

2016 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен БҚУ құрылды.

БҚУ өз қызметін "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-1 және 7-2-баптарына сәйкес қоғамдық негізде жүзеге асырады.

2019 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен Қазақстандағы көрнекті қоғам қайраткері, "Мейірімділік" ерікті қоғамының басшысы Аружан Саин БҚУ болып тағайындалды.

АҚУ және БҚУ институттарының танымалдылығын арттыру үшін оқушылар арасында факультативтер, сынып сағаттары мен өзге де мектептен тыс іс-шараларды өткізу түрінде құқықтық түсіндіру жұмысын күшейту жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады.

Қазақстанда кәмелетке толмағандармен профилактикалық жұмысты жүзеге асыратын органдар арасында жетекші рөлді Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және БҒМ БҚҚК атқарады.

Балалар құқықтары және кәсіпкерлік сектор

Қорытынды ескертулердің № 18, 19 тармақтары

Қазақстанда кәсіпорындардың кәмелетке толмағандардың құқықтарын сақтауына жауапкершілігі жөніндегі заңнамалық база құрылды. Айталық, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 77-бабында кәсіпкерліктің экология саласындағы әлеуметтік жауапкершілігі көзделген. Компаниялар қоршаған ортаны қорғау үшін қаржыландыру бөлуге міндеттенеді.

Астана экономикалық форумында 2017 жылы БҰҰ мақұлдаған "Адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызметтің басшылық қағидаттарын" енгізу ұсынылды. Аталған қағидаттарға сәйкес мемлекет кәсіпорындар тарапынан адам құқықтарының бұзылуынан қорғау жөнінде қосымша қадамдар жасағаны жөн. Бұл ретте кәсіпорындар, қоғамның бір бөлігі ретінде, адам құқықтарының бұзылуынан аулақ болып, олардың адам құқықтарына тигізген қолайсыз салдарын жоюы керек.

2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексін іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығымен Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидалары бекітілді, олар Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы Орхус конвенциясының және Қазақстан Республикасы Экология кодексінің нормаларына сәйкес әзірленді және қоғамдық тыңдаулар өткізу тәртібін айқындайды.

2019 жылы республиканың жалпы білім беретін мектептерінде "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" элективті пәні енгізілді.

"Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәнінің 10-11 сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасы әзірленді, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына өзгерістер енгізілді, 2019 – 2020 оқу жылынан бастап білім беру және ғылым ұйымдарының оқу процесіне "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәнін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

"Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәні бойынша педагогикалық кадрлардың біліктігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасын әзірледі. "Көкжиек-Горизонт" баспасы "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері" пәні бойынша оқулық жобасын әзірледі, ол "Оқулық" білім беру мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығында сараптамадан өтті.

Азаматтық қоғаммен ынтымақтастық

Өмірлік қиын жағдайға душар болған балалар мен отбасыларға әлеуметтік, заңдық, психологиялық көмек көрсету мәселелерімен 132-ге жуық үкіметтік емес ұйым айналысады, олардың ішінде неғұрлым белсенділері: "Қазақстанның дағдарыс орталықтарының одағы" заңды тұлғалар бірлестігі, "Ұлағатты жанұя" қоғамдық бірлестігі, "Қазақстанның балалар қоры" қоғамдық қоры, "Angel24KZ" балалар қауіпсіздігі орталығы, "Сана сезім" әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы", "Құқық" қоғамдық қоры және т.б.

Тұтастай алғанда, соңғы 30 жылда ҰЕҰ желісі 100-ден 22 мың ұйымға дейін өсті. Мемлекеттік әлеуметтік серіктестік тетіктері арқылы мемлекеттік инвестициялардың, гранттар мен сыйлықтардың көлемі ҰЕҰ жұмысын қолдауға жалпы алғанда 140 млрд теңгеден астам соманы құрады.

ҰЕҰ-мен ынтымақтастықты дамыту бойынша басым бағыт балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік функцияларды бәсекелес ортаға беру болып табылады.

Азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл әртүрлі диалогтық форматтар арқылы жүзеге асырылады.

2020 жылғы қарашада "Қоғам және мемлекет: "Birgemiz" серіктестік пен дамудың 30 жылы" IX Азаматтық форумы өтті, оның барысында қоғамның ең өзекті мәселелері талқыланды, атап айтқанда, әлеуметтік жұмысты ел қажеттіліктері үшін басым мамандықтар тізіміне енгізу, экологиялық білім беруді дамыту, ҰЕҰ-ны мониторинг жүргізуге тарту және басқалар.

Қазақстанда 2020 жыл Волонтерлер жылы деп жарияланды. Осы жылы 1 млн-нан астам мұқтаж отбасылар мен балаларға көмек көрсетілді.

2021 жылғы қарашада X Азаматтық форум өтті, оған алғаш рет Қазақстанның ЕҚЫҰ, БҰҰДБ, ЮНИСЕФ, Фридрих Эберт атындағы қор, ЮНЕСКО, ЮСАИД сияқты халықаралық серіктестері қатысты.

Форум қоғамды және демократиялық процестерді дамыту, БҰҰ ОДМ-ны және әлеуметтің, мемлекет пен бизнестің негізгі міндеттерін іске асыру және оларға қол жеткізу мәселелеріне арналды.

Конвенцияның және оған факультативтік хаттамалардың қағидаттары мен ережелері туралы хабардар ету

Қазақстанда балалар мен олардың ата-аналарды қоса алғанда, бұқаралық жұртшылық арасында Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелері туралы хабардар болуды арттыруға қажетті көңіл бөлінеді.

Жыл сайын Қазақстан Дүниежүзілік балалар күні қарсаңында балалардың құқықтары, қол жеткізілген прогресс және т.б. туралы хабардар болуды арттыруға арналған кең ауқымды акциялар өткізеді.

Құқық қорғау органдары мен пенитенциарлық жүйе жұмыскерлерін оқыту және олардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі, оның ішінде адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтық нормалар мен стандарттарды зерделеу және қолдану бөлігінде шаралар қабылдануда.

Мәселен, Сот төрелігі академиясының Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығы жыл сайын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттардың шамамен 20-30 судьясының біліктілігін арттыру курстарын өткізеді. Фридрих Эберт атындағы қор ҚР ЖС қолдауымен "Адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттары. Халықаралық құқық нормаларын сот шешімдерінде көрсету" тақырыптарында семинарлар топтамасын өткізді.

Қазақстан балалары мен жасөспірімдерінің хабардар болуын арттыру үшін Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелері мен баптары туралы аталған тақырып бойынша өткізілетін республикалық іс-шараларда: форумдарда, конференцияларда, тренингтерде және басқаларында айтылады.

Балаларды ақпараттандыру бойынша мемлекет қабылдап жатқан шаралар айтарлықтай тиімді. Бұл әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелерімен де расталады. Айталық, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әлеуметтанулық зерттеуді жүргізуі кезінде оқушылардың құқықтық нормалар туралы хабардар болуы туралы деректерді жинақтады. Әлеуметтанулық сауалнама 2019 жылдан бастап Қазақстанның 17 өңірінде жүргізілді. 7 жастан 18 жасқа дейінгі 960 553 балаға сұрау салынды. Әлеуметтанулық сауалнаманың қорытындылары балалардың өз құқықтары туралы хабардар болу деңгейінің жоғары екенін көрсетті – 88 % (өңірлерде 80 %-дан 94 %-ға дейін), Конвенция туралы хабардар болу деңгейі: 7-ден 10 жасқа дейінгі балалар – 89 %, 11-ден 15 жасқа дейін – 91 %, 16-дан 18 жасқа дейін – 92 %.

Осы баяндаманы Балалардың құқықтарын іске асыру проблемалары туралы жұртшылықты кеңінен хабардар ету мақсатында жеке басылыммен жариялау жоспарлануда. Осы баяндаманы танымал етудің қосымша шаралары (баспасөз

конференциялары, баспасөз релиздері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар және т.б.) жүзеге асырылатын болады.

II. "БАЛА" ҰҒЫМЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ (1-бап)

Қазақстан заңнамасында "Бала" ұғымының анықтамасы Бала құқықтары туралы конвенцияның 1-бабына сәйкес келеді.

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2-тармағына сәйкес бала он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам болып табылады.

III. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАТТАР

Кемсітпеушілік (2-бап),

Қорытынды ескертулердің № 20, 21 тармақтары

Қазақстанның мемлекеттік саясаты балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді және оларды кемсітуге жол бермейді. Қазақстанда кемсітушілікке заңнамалық деңгейде тыйым салынған. Ол үшін бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздері қалыптастырылып, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құрылды.

Қазақстан Конституциясының 14-бабының 2-тармағына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді, оның ішінде баланы да қандай да бір кемсітуге болмайды.

"Баланың құқықтары туралы" Заңның 6-бабында балалардың мүдделерін көздейтін республиканың мемлекеттік саясатының мақсаттары айқындалған, олардың бірі балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады. Сондай-ақ балаларға қатысты кемсітушілікке жол бермеуді нақты регламенттейтін бірқатар заңнамалық актілер бар ("Білім туралы" Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы, "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңның 5-тармағының 3) тармақшасы, ҚР ХДЖДЖК 5-бабының 1) тармақшасы).

2016 жылғы қаңтарда Қазақстан білім беру саласындағы Кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялады, оның негізгі мақсаты білім беру саласындағы кемсітушіліктің барлық түрлерін жою, сондай-ақ бастауыш білім берудің міндеттілігін, жалпыға қол жетімділігін және тегін болуын жариялау болып табылады. Адам құқықтарының сақталуын және нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, экономикалық жағдайына немесе тууына қарамастан білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз ету деп осы Заң жобасының оң құқықтық, әлеуметтік салдары деп есептеуге болады.

Осылайша, барлық бала, оның ішінде халықтың әлжуаз топтарындағы балалар білім алуға, медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер алуға тең қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Бұдан басқа, ҚР ҚК-де адам мен азаматтың тең құқықтылығын бұзғаны үшін қандай да бір кемсітушілік пен қылмыстық жаза түрін жасау мәселесі реттелген. Мәселен, ҚР ҚК 145-бабына сәйкес "Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу – бір жүз алпыс АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына немесе бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады".

Баланың мүдделерін барынша қамтамасыз ету (3-бап)

Қорытынды ескертулердің № 22, 23 тармақтары

Баланың мүдделерін барынша қамтамасыз ету ата-аналар үшін де, мемлекет үшін де негізгі қағидат болып табылады.

ҚР НжОК-тың 72-бабына сәйкес ата-ана құқықтары баланың мүдделеріне қайшы жүзеге асырылмауға тиіс. Баланың мүдделерін қамтамасыз ету оның ата-аналары жасайтын негізгі қамқорлықтың нысанасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ҚР БҒМ Қазақстан Республикасының балалары әл-ауқатының индекcін (бұдан әрі – Индекс) әзірледі.

Негізгі міндет Қазақстандағы балалардың өмірін жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясатта одан әрі шешімдер қабылдау мақсатында ЭЫДҰ елдері мен Еуропаны салыстыратын ЮНИСЕФ Зерттеу офіcінің жаһандық әдіснамасына негізделген Индекстің бейімделген моделін әзірлеу болып табылады.

ЮНИСЕФ және ЭЗИ Индексті есептеу әдістемесін әзірлеу және байқаудан өткізу бойынша ҚР БҒМ әріптестері болып табылады.

Қазіргі уақытта индексті апробациялау және жәрдемақы әзірлеу жүріп жатыр. Индексті енгізу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актісі жұмыстың нәтижесі болады.

Өмір сүруге, тірі қалуға және дамуға құқығы (6-бап)

Баланың өмір сүруге, тірі қалуға және дамуға құқықтарының негізгі қағидаттары бастапқы баяндаманың 122-128-тармақтарында, екінші және үшінші мерзімдік баяндаманың 97-102-тармақтарында, Баланың құқықтары туралы конвенцияны Қазақстан Республикасының іске асыруы туралы төртінші мерзімдік баяндаманың 194-216-тармақтарында көрсетілген.

Балалардың көзқарасын құрметтеу (12-бап)

Қорытынды ескертулердің № 24, 25-тармақтары

"Баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес әрбір баланың сөз бостандығына және өз пікірін айтуға, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және Қазақстан Республикасы заңнамасымен рұқсат етілген бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

ҚР НжОК-тың 62-бабына сәйкес бала отбасында өз мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өзінің пікірін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік ісін қарау барысында тыңдалуға құқығы бар.

ҚР НжОК-та көзделген жағдайларда баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, он жасқа толған баланың пікірін ескеру міндетті.

Соттар баланың тұрғылықты жерін, баласынан бөлек жеке тұратын ата-анамен араласу уақытын айқындау туралы азаматтық істерді қарау кезінде баланың ата-анасының қайсысымен бірге тұрғысы келетіні туралы пікірін міндетті түрде тыңдайтынын айта кеткен жөн. Кәмелетке толмағанның мүдделерін толық көлемде қорғауға ықпал ететін сот шешімін шығару мақсатында сот баланың өмір сүру және тәрбиелеу жағдайларын, баланың және оның ата-анасының жеке ерекшеліктерін, олардың өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктерін анықтайды.

Өз пікірін білдіру үшін балалар конференцияларға, викториналарға, құқықтық дәрістерге, іскерлік ойындарға, клубтарға, дөңгелек үстелдерге және форумдарға белсенді қатысады.

Балалардың пікірін білдірудің бір түрі – үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік әріптестік шеңберінде ұйымдастырылған пікірталас қозғалыс болып табылады. Республикада дебаттық қозғалыстың екі бағыты бар: студенттік және мектептік.

Жыл сайын ҚР БҒМ әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешу бойынша "Менің идеяларым – менің еліме!" балалар жобаларының қоғамдық тыңдалымын өткізеді.

2020 жылғы тамызда ҚР БҒМ БКҚК Қазақстан Республикасында Балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша балалар өкілдіктерінің жұмысы туралы ережелерді бекітті, онда жалпы ережелер, мақсаттар, міндеттер, құзыреттер, балалар өкілдіктерін қалыптастыру тәртібі толық көрсетілген, оған сәйкес 2020 жылғы қыркүйек – қазан айларында білім беру ұйымдарында балалар өкілдіктерінің құрамына сайлау өткізілді.

2021 жылғы 31 мамырда "Халықаралық балаларды қорғау күні" қарсаңында ҚР Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі балалар өкілдіктерінің республикалық кеңесінің мүшелеріне куәліктер мен төсбелгілерді табыс етті.

2021 жылғы ақпан айынан бастап білім алушыларда азаматтық белсенділікті, әлеуметтік құзыреттілікті, азаматтық жауаптылықты дамыту мақсатында еліміздің білім беру ұйымдарында білім алушылардың "Мектеп/студент парламенттері" өзін-өзі басқару органдары жұмыс істейді.

Балалар үшін ең маңызды мәселелерді анықтау үшін әртүрлі зерттеулер жүргізіледі. Атап айтқанда, жыл сайын Қазақстан Республикасы Президентінің атына Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы ұлттық баяндама дайындалады. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін айқындау жөнінде әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

IV. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАР МЕН БОСТАНДЫҚТАР

Аты, ұлты және азаматтығы, даралықты сақтау (7, 8-баптар)

Қазақстан азаматсыздықтың алдын алу бойынша жаһандық күш-жігерді қолдайды және көші-қон процестерінде балалардың құқықтарын қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдайды.

Атап айтқанда, 2019 жылғы қарашада "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының (№ 272-VI) Заңымен ҚР НжОК-тың 187-бабына Қазақстан аумағында туған барлық баланы тіркеуді және олардың ата-анасының құқықтық мәртебесіне қарамастан, оларға туу туралы куәліктер беруді көздейтін толықтыру енгізілді.

Толықтыруда бала медициналық ұйымда туған және анасының жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жағдайларда, туу фактісін тіркеу кезінде ол туралы мәліметтер анасының өтініші бойынша және туу туралы медициналық куәлікке сәйкес толтырылады, оған анасы туралы мәліметтер өзінің сөзі бойынша жазылғаны туралы белгі қойылады.

Пікір білдіру бостандығы және ақпаратты іздеу, алу және тарату құқығы (13-бап)

"Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңның 11-бабына сәйкес баланың сөз бостандығына және өз пікірін білдіруге, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға, жасына сәйкес ақпарат алуға және таратуға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген басқа да коммерциялық емес ұйымдардың нысандарына және бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

Бұл ретте мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың зияткерлік меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылықты жүзеге

асыратын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдардың қызметіне жәрдемдеседі.

Ой, ар-ождан және дін бостандығы (14-бап)

Қазақстанның әрбір азаматының ар-ождан бостандығына құқығы бастапқы баяндаманың 143-146-тармақтарында, екінші және үшінші мерзімдік баяндаманың 133-141-тармақтарында, Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы төртінші мерзімдік баяндаманың 235-245-тармақтарында көрсетілген.

Қауымдасу бостандығы (15-бап)

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабының 1-тармағы әрбір азаматқа бірлесу бостандығына құқығын бекітеді.

Әр адамның басқалармен қауымдасу бостандығына құқығы бар. Қазақстан азаматтарының, егер бұл Қазақстанның заңнамасына қайшы келмесе, қоғамдық ұйымдарды біріктіру, құру, олардың қызметі, қайта ұйымдастыру немесе тарату құқығын іске асыру мүмкіндігі бар.

Қазақстанның мемлекеттік органдары балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін дамытуды өзіне мақсат тұтатын қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі.

Мәселен, баланың әлеуметтік қалыптасуы мен өзінің қабілетін жүзеге асыруына жағдай жасау мақсатында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде "ЖасҰлан", "Ұлы Дала скауттары" Балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, Жас отаншылдар қазақстандық-патриоттар академиясы және т.б. жұмыс істейді.

Сонымен бірге "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Заңға сәйкес бейбіт жиналысты өткізуге бастамашы болған, оны өткізуді ұйымдастыратын және бейбіт жиналыстың барысы мен оған қатысушыларды басқаруды жүзеге асыратын Қазақстанның кәмелетке толған азаматтары немесе кәмелетке толған азаматтар тобы ғана бейбіт жиналыстың ұйымдастырушылары бола алады.

Жеке өмір құқығын қорғау (16-бап)

Жоғарыда көрсетілген бапты жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы ақпарат Бастапқы баяндаманың 151-152-тармақтарында, екінші және үшінші мерзімдік баяндаманың 152-160-тармақтарында, Бала құқықтары туралы конвенцияны Қазақстан Республикасының іске асыруы туралы төртінші мерзімдік баяндаманың 257-273-тармақтарында көрсетілген.

Тиісті ақпаратқа қол жеткізу (17-бап)

Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) маңызды рөлін мойындайды және әрбір баланың әртүрлі ұлттық және халықаралық дереккөздерден алынған ақпарат пен материалдарға, әсіресе баланың әлеуметтік, рухани және моральдық әл-ауқатына, сондай-ақ тән саулығы мен психикалық дамуына

жәрдемдесуге бағытталған ақпарат пен материалдарға қол жеткізуі үшін қажетті шаралар қабылдайды.

Қазақстанда 2019 жылы балаларға қолжетімді 3 962 кітапхана жұмыс істеді, оның ішінде ауылдық жерлерде – 3423 бірлік, қалаларда – 539 бірлік. Балалар кітапханаларын пайдаланушылар саны – 1,6 млн бала.

2019 жылдың қорытындысы бойынша компьютерді пайдаланатын 6-15 жастағы балалардың үлес салмағы 80,8 % (2016 жылы – 65 %), интернетті пайдаланушылардың үлес салмағы – 75 % (2016 жылы – 62,1 %) құрады.

Интернетке 4 мбит/с дейінгі және одан жоғары жылдамдықпен қолжетімділік қамтамасыз етілген мектептердің үлесі 2019 жылы 94,1 %-ды құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 55,5 %-ға жоғары (34,6 %).

Қазақстанда балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау бойынша белсенді шаралар қабылдануда.

2017 жылғы желтоқсанда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпарат және коммуникациялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (№ 128-VI ҚРЗ) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оның шеңберінде балаларды қорғауға бағытталған бірқатар нормалар көзделген.

Атап айтқанда, "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізілді, оған сәйкес балалардың заңды өкілдерінің келісімінсіз құқыққа қарсы әрекеттердің (әрекетсіздіктің) салдарынан зардап шеккен балалардың, сондай-ақ әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген, айыпталушы кәмелетке толмағандардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты БАҚ-та немесе телекоммуникация желілерінде таратуға тыйым салынады.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына білім беру ұйымдарына балалардың теріс ақпаратқа қол жеткізуін шектеуге арналған байланыс операторлары арқылы интернет желісіне білім алушылардың қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды бекітуді көздейтін өзгерістер енгізілді.

2018 жылғы шілдеде "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" (№ 169-VI ҚРЗ) заң қабылданды, ол балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін психикалық-жас ерекшеліктері мен осалдығын ескере отырып, ақпараттық ортаның теріс әсерінен қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңда балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі жас топтарына арналған ақпараттық өнімдердің мазмұнына өлшемшарттар белгіленген.

Сонымен қатар, 2018 жылғы шілдеде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 170-VI ҚРЗҚ) қабылданды.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен күн сайын балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы жарияланымдарды анықтау тұрғысынан БАҚ-қа мониторинг жүргізеді. ЖАО-мен бірлесіп жедел ден қою мақсатында төтенше оқиғалар мен олардың салдарын жою бойынша шаралар қабылданады.

Жыл сайын уәкілетті органның ұсынымдары бойынша интернет-ресурстардың меншік иелері мен әкімшіліктері 140 мыңнан астам құқыққа қайшы материалдарды жояды, пайдаланушылардың республика аумағынан 5 мыңнан астам материалға қол жеткізуі шектеледі.

Жастарды интернет-кеңістікте қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелеріне оқыту үшін жағдай жасау, интернетке тәуелділіктің және құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында 2021 жылы "Жастар мен балалар арасында интернетке тәуелділіктің және құмар ойындардың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру" әлеуметтік жобасы іске асырылды.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы 100 мың білім алушы мен олардың ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді, нәтижесінде білім алушылар арасында құмар ойындарға тәуелділіктің жоғары деңгейі анықталды.

Құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу мақсатында ағымдағы жылы кәмелетке толмағандар мен ата-аналарға арналған құмар ойындардың алдын алу бойынша әдістемелік құрал әзірленді.

V. БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

Қатыгездікпен қарау және қамқорлық жасамау (19-бап)

Дене жазасы

Қорытынды ескертулердің № 28, 29, 30, 31 тармақтары

Қазақстанда білім беру ұйымдарында да, отбасында да кез келген дене жазасына тыйым салынған.

ҚР НжОК-тың 72-бабына сәйкес ата-ана құқықтарын жүзеге асыру кезінде ата-аналар баланың дене бітімі мен психикалық денсаулығына, оның имандылық тұрғысынан дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдері адамның қадір-қасиетін қорлайтын немқұрайдылықты, қатыгездікті, дөрекілікті, баланы қорлауды немесе қанауды болғызбауға тиіс. Осы баптың ережелері дене жазаларын келтірумен немесе ол қаншалықты жеңіл болса да, денеге ауырсыну тудыратын кез-келген тәрбиелеу әдістерімен үйлеспейді.

Адамға, оның ішінде балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрі мен нысандары жазаланатын әрекеттер болып табылады. Елдің заңнамасы ұрып-соғуға, қорлауға және азаптауға тыйым салатын нормалармен регламенттелген (ҚР ҚК 109, 110, 146-баптары).

Есепті кезеңде балаларға қатысты, оның ішінде Қазақстан заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім беруді, тәрбиелеуді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын ата-аналар мен басқа да адамдар тарапынан зорлық-зомбылық әрекеттері үшін жазаны қатандату шаралары қабылданды.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына педагогтің міндеттеріне құқық қорғау органдарын білім беру ұйымдарында қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ білім беру ұйымдарынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы хабардар ету жөнінде толықтырулар енгізілді (ҚР 2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ Заңы).

Сондай-ақ, толықтыруларға сәйкес педагог өмірлік қиын жағдайға тап болған баланы анықтағаннан бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесі органдарына хабарлауға міндеттенеді.

2013 жылдан бастап режимдік ұйымдарда, білім беру, еңбек және әлеуметтік қорғау, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, медициналық-әлеуметтік мекемелерде азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алуға бағытталған ұлттық алдын алу тетігі институты (бұдан әрі – ҰАТ) жұмыс істейді.

2019 жылғы сәуірде заңнамаға баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерге баруға арналған объектілер тізбесіне енгізу арқылы ҰАТ мандатын едәуір кеңейтуді көздейтін түзетулер енгізілді. Бұл шаралар 200-ден астам мекемені бақылауға алуға мүмкіндік берді.

Кәмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында тұрақты негізде "Жасөспірім", "Мектеп бітіру кештері", "Түнгі қаладағы балалар" жедел-профилактикалық іс-шаралары және "Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік", "Жұмыспен қамту" және "Мен және менің полицейім" акциялары өткізіледі.

2019 жылдың сәуір айынан бастап балалар құқықтарының бұзылу фактілеріне жедел ден қою және барлық жауапты мемлекеттік ҚР БҒМ БҚҚК іс-қимылдарын үйлестіру тетігі ретінде телеграмм мессенджерінде "BALA QORGAU" чатының жұмысы ұйымдастырылды. 2021 жылғы 1 қарашадан бастап "BALA QORGAU" чатында "BalaQorgauBot2.0" телеграмм-боты іске қосылды, бұл халықтың әлеуметтік осал топтарына тегін заң көмегін көрсету нысандарын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде парақшалар, "87172-742528" сенім телефоны жұмыс істейді, облыстардың білім басқармалары жанында білім беру саласы мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін Call-орталықтар құрылды.

Қатыгездікпен қарау жағдайларына жедел ден қоюдың ведомствоаралық өзара іс-қимыл алгоритмі әзірленді. Барлық білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестер, ата-аналар комитеттері, әкелер кеңестері, медиация қызметтері жұмыс істейді.

ҚР БҒМ БҚҚК бақылау субъектісіне (объектісіне) барумен және бармай профилактикалық бақылау, жоспардан тыс тексерулер нысанында баланың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

2019 жылы тексеру субъектісіне бармай және барумен профилактикалық бақылау шеңберінде баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын 143 ұйым, 2020 жылы республиканың 411 ұйымы тексерілді.

Бала құқықтарының бұзылуына жедел ден қою, жұртшылықты балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне тарту, бұзушылықтарды анықтау және баланың құқықтарын қорғау саласында ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № 142 бұйрығымен Бала құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде республикалық мониторингтік топ құрылды.

2020 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (№ 569) бұйрығымен Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау фактілерін анықтау және олармен жұмыс істеу жөніндегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілді, ол халықаралық тәжірибе мен Еуропалық Одақтың ұсынымдары негізінде әзірленді және органдар мен ұйымдар: 1) білім беру; 2) ішкі істер; 3) денсаулық сақтау; 4) халықты әлеуметтік қорғау; 5) кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялар; 6) басқа жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің іс-қимыл және өзара іс-қимыл алгоритмі болып табылады.

Зиянды практиканың барлық нысандарына тыйым салу және оларды жою жөніндегі шаралар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, әйелдердің жыныс мүшелеріне зиян келтіретін операциялар және ерте және мәжбүрлі некелер (24-баптың 3-тармағы)

Қорытынды ескертулердің № 34, 35 тармақтары

Қазақстанда тек мемлекеттік органдарда қиылған неке (ерлі-зайыптылық) танылады

Діни жоралар мен рәсімдер бойынша жасалған неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органдарда тіркелген некеге (ерлі-зайыптылыққа) теңестірілмейді және тиісті құқықтық салдарлар туғызбайды. Мешіттердегі (некедегі) діни жоралар бойынша неке қию рәсімдері неке қию туралы куәлік болған кезде ғана жүргізіледі.

ҚР НжОК 10-бабына сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) жасы ерлер мен әйелдер үшін он сегіз жаста белгіленеді. Тіркеуші органдар жүктілік және ортақ баланың тууы сияқты дәлелді себептер болған кезде неке (ерлі-зайыптылық) жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендетуі мүмкін. Неке (ерлі-зайыптылық) жасын төмендетуге некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың келісімімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ата-аналарының не қамқоршыларының жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

2020 жылы Қазақстанда 997 ерте неке тіркелген (2019 жылы – 1075, 2018 – 1052).

ҚР ҚК-де он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер үшін жауаптылық көзделген (ҚК-нің 122-бабы, ең ауыр жаза – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру), сондай-ақ адамды ұрлау (ҚР ҚК 125-бабы, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, 10 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру) және мақсаттарына қарамастан заңсыз бас бостандығынан айыру (ҚР ҚК 126-бабы, мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру).

Осылайша, кәмелетке толмағандарды некеге тұруға мәжбүрлегені үшін не олармен нақты неке қатынастарына кіргені үшін жауапкершілік Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында көзделген.

Алайда, кәмелетке толмағандармен ерте неке немесе іс жүзінде неке кейбір отбасыларда, негізінен ауылдық жерлерде және этникалық азшылықтар арасында кездеседі.

Республикалық мектеп-интернаттарда жоғары сынып оқушылары арасында психологтар ерте неке мәселелері бойынша жыл сайын дөңгелек үстелдер, семинарлар, әйелдердің ұрпақты болу денсаулығының алдын алуға және қорғауға, әйелдерге қатысты кемсітушілікке, қалыңдықтарды ұрлауға қатысты іс-шаралар өткізеді.

Сексуалдық қанау және сексуалдық зорлық-зомбылық (34-бап)

Қорытынды ескертулердің № 32, 33 тармақтары

Қазақстанда балалардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері баланың әл-ауқатына жауапты уәкілетті мемлекеттік органдардың ерекше бақылауында. Сондай-ақ, бұл жұмысқа қоғамдық ұйымдар белсенді түрде тартылған.

Есептік кезеңде жас балалар мен кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

Атап айтқанда, 2016 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (№ 501-V ҚРЗ) қабылданды.

Заңда кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша шартты түрде соттауды (ҚР ҚК 63-бабы), шынайы өкінуіне және татуласуына байланысты жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 65-бабы), процестік келісімнің шарттары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 67-бабы), татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (ҚР ҚК 68-бабы), жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату (ҚР ҚК 72-бабы) жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту (ҚР ҚК 73-бабы), айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (ҚР ҚК 77-бабы), рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату (ҚР ҚК 78-бабы) белгіленген.

ҚР ҚК-ге жоғарыда көрсетілген өзгерістер осы шектеулер он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды деген ескертпемен енгізілді.

ҚР ҚК-нің жоғарыда аталған баптарының ерте қолдануында жас балалардың (14 жасқа дейінгі) жыныстық тиіспеушілігіне қарсы жасалған қылмыстар бойынша ғана тыйым салынған.

ҚР ҚПК-те кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін жазасын өтеген адамдарға әкімшілік қадағалауды белгілейтін түзету енгізілді.

ҚР ҚАК-ға түзету енгізілді, оған сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы жасалған қылмыстар үшін жазасын өтеген адамдарға әкімшілік қадағалау белгіленеді.

ҚР БҒМ, ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау министрлігінің (ҚР Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы Жарлығымен ҚР ДСМ және ҚР Еңбекмині бөлу жолымен қайта ұйымдастырылды), ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің (2018 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі болып қайта құрылды), ҚР МСМ, ҚР ІІМ кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі 2015 – 2017 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-қимыл жоспары іске асырылды.

Ішкі істер органдарының мамандандырылған топтары Интернет желісін пайдаланатын жасырын педофилдерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін кәмелетке толмағандардың атынан аккаунттар жұмыс істейді, арандату фактілеріне жол бермеуге ерекше назар аударылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокурордың 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 169 бұйрығымен "Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдарды есепке алуды жүргізу және олар туралы мәліметтерді жариялау қағидалары" (бұдан әрі

- Электрондық база) бекітілді. Қазіргі уақытта педофилдер туралы ақпарат қамтылған Электрондық база жұмыс істейді, оған бүкіл халық үшін қашықтан қол жетімділік қамтамасыз етілген.

Прокуратура органдары мемлекеттік органдармен және ҰЕҰ-мен бірлесіп "Балаларды бірге қорғайық!" жол картасын іске асырды. Жол картасы 4 негізгі бағыт бойынша ұйымдастырушылық-практикалық және құқықтық іс-шараларды қамтиды (нормативтік құқықтық базаны жетілдіру, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алуға және деңгейін төмендетуге бағытталған шаралар, сексуалдық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды анықтау және оларға медициналық-психологиялық және құқықтық көмек көрсету, ақпараттық-түсіндіру жұмысы).

Білім беру ұйымдарының ғимараттары мен аумақтарына өткізу режимін, бөгде адамдардың болу тәртібін қамтитын білім алушылардың қауіпсіздігін күшейту бойынша шаралар қабылданды.

2019 жылғы қаңтарда ҚР ІІМ мен ҚР БҒМ бірлескен бұйрығымен "Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруға қойылатын стандарттар мен талаптар" (№ 49) бекітілді.

2021 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптар" (№ 305) бекітілді.

Сондай-ақ, 2021 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен "Білім беру ұйымдарында және олардың аумақтарында енгізуге тыйым салынған және пайдалану үшін шектелген заттар мен заттардың тізбесі" (№ 235) бекітілді.

Осылайша, бүгінгі таңда барлық жалпы білім беру ұйымдары меншік нысанына қарамастан бейнебақылау жүйелерімен жарақталған. Мектептерді мамандандырылған қызметтермен тәулік бойы күзетуге көшіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мамандандырылған күзет қызметі қала мектептерінің 21,4 %-ында (466) енгізілген және 44,5 %-ында (971) турникеттер жұмыс істейді.

Азаптауларға немесе басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне ұшырамау құқығы (37-баптың (а тармағы) және 28-баптың 2-тармағы)

Қорытынды ескертулердің № 26, 27 тармақтары

Есептік кезеңде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде қылмыстық жазасын өтеп жатқан кәмелетке толмаған адамдармен азаптаудың немесе қатыгез қарым-қатынастың басқа да түрлерінің фактілері тіркелмеген.

Еркек жынысты кәмелетке толмағандар жазасын өтеп жатқан ЛА-155/6 мекемесінде Ұлттық алдын алу тетігінің (ҰАТ) қатысушылары үшін кәмелетке толмаған сотталғандармен кездесуге арналған арнайы бөлме жабдықталған.

Жазасын өтеп жатқан кәмелетке толмағандар шағым берудің тәуелсіз тетігімен қамтамасыз етілген. Мекемеде прокуратура органдарына, қоғамдық бақылау комиссиясына, ҰАТ-ға, құқық қорғау ҰЕҰ-ға және БАҚ-қа хаттар үшін арнайы жәшіктер орнатылып, мөрленді.

Құқық қорғаушы ҰЕҰ бас бостандығынан айырылған кәмелетке толмағандарды ұстау жағдайларына мониторингті жүзеге асыруға кедергісіз қол жеткізе алады. Атап айтқанда, "Жетіағаш", "Жартас Қазақстан", "Халықаралық әлеуметтік жобалар қауымдастығы" қоғамдық қорлары, "PRI" Халықаралық түрме реформасы сияқты ҰЕҰ өкілдері тұрақты негізде тәрбиелеу колонияларына, арнайы білім беру ұйымдарына, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларына баруды жүйелі негізде жүзеге асырады.

Құрбан болған балалардың дене бітімі және психологиялық қалпына келтіруге және әлеуметтік реинтеграциялауға жәрдемдесу жөніндегі шаралар (39-бап)

Қазақстанда зардап шеккен балалардың дене бітімі физикалық және психологиялық қалпына келтіру, сондай-ақ әлеуметтік реинтеграциялау бойынша шаралар қабылдануда.

"Жусан" және "Русафа" арнайы гуманитарлық операциялары жүзеге асырылды, олардың шеңберінде Қазақстанның 700 азаматы Сириядағы ұрыс қимылдары аймағынан отанына оралды, оның ішінде 502 бала, олардың 37-сі жетім балалар.

2020 жылғы мамырда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ана мен баланы қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен (№ 326-VI ҚРЗ) білім беру саласындағы уәкілетті органның террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалту мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асыру жөніндегі құзыретін бекітуді көздейтін нормалар енгізілді, сондай-ақ террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуға бағытталған әлеуметтік қызметтер тізбесі айқындалды.

Жоғарыда аталған Заңды іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі № 382 бұйрығымен "Террористік әрекеттен зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтудың қағидалары мен мерзімдері" бекітілді.

Ұрыс қимылдары аймағынан оралған барлық балаға медициналық, психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық көмек көрсетілді.

ЖАО білім беру ұйымдарында балаларды белгілеу бойынша жұмыс жүргізді. Мектепке дейінгі білім берумен 118-ден астам бала, мектеп білімімен 227-ден астам бала қамтылған. Сондай-ақ, 140-тан астам балаға сабақтан тыс уақытта шығармашылық үйірмелерге, спорт секцияларына және қосымша сабақтарға қатысу мүмкіндігі беріледі.

VI. ОТБАСЫЛЫҚ ОРТА ЖӘНЕ БАЛАМА КҮТІМ

Отбасылық саясатты қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген. Аталған шараларды іске асыру бойынша үйлестіруді Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті жүзеге асырады.

2020 жылдан бастап отбасы институтын нығайтуға және қолдауға, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын қорғауға, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, гендерлік ағартуды ілгерілетуге бағытталған тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарының екінші кезеңін (2020 – 2022 жылдар) іске асыру басталды.

ҚР ҚК және ҚР ӘҚБтК-ге сәйкес кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі адамдар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында Қазақстанда Отбасы күні енгізілді (әр қыркүйектің екінші жексенбісі), жыл сайын "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы өткізіледі. ҰЕҰ гранттық қаржыландыру шеңберінде отбасы мен отбасы құндылықтарын нығайту бойынша түрлі жобалар іске асырылуда (бейнероликтер, конкурстар, флешмобтар, акциялар, семинар-тренингтер, мастер-кластар, жас отбасылардың фестивальдері және т.б.).

Ата-ананың баланы басқару құқығы (5-бап)

Қазақстан балаға тиісті түрде басшылық жасап және жетекшілік ететін ата-аналардың, қорғаншылардың, қамқоршылардың және бала үшін заң бойынша жауаптылықта болатын басқа да адамдардың жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін құрметтейді. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады.

Ата-аналардың баланы басқару құқығы мен міндеті Қазақстанның қолданыстағы заңнамасында – ҚР НжОК, "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында және басқаларда бекітілген.

Қазақстанның неке-отбасы заңнамасы балаларды отбасында тәрбиелеудің басымдығы, олардың дамуы мен әл-ауқаты туралы қамқорлық қағидаттарына негізделеді. Балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.

Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа, баланы қабылдайтын отбасына) беру арқылы, ал мұндай мүмкіндік болмаған кезде – жетім балаларға, ата-аналарының

қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық үлгідегі ұйымдарға беру арқылы жүзеге асырылады.

Баланың қорғаншысы немесе қамқоршысы қорғаншылықтағы немесе қамқоршылықтағы баланы тәрбиелеуге, оның денсаулығына, дене бітімі, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қамқорлық жасауға, сондай-ақ қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы және оны тәрбиелеу жұмыстары туралы, сондай-ақ оның мүлкін басқару жөніндегі есептерді ұсынуға, баланың ата-аналарымен және баланың басқа да жақын туыстарымен араласуына кедергі келтірмеуге міндетті.

Есепті кезеңде жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қорғау жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

2019 жылғы желтоқсанда ҚР НЖОК-ға жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, Кодекс 114-1-баппен толықтырылды, онда жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйымдардың құқықтары мен міндеттері жазылған (Қазақстан Республикасының № 292-VI Заңы).

Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан азаматтарының отбасыларына орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйым бала асырап алу құпиясын сақтауға, осы балаларды тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан азаматтарын психологиялық даярлауды жүзеге асыруға, құқықтық көмек көрсетуге, психологиялық және психологиялық-педагогикалық консультация беруге, сондай-ақ Қазақстан балаларының құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органға өз қызметі туралы тоқсан сайынғы есеп беруге және т. б. міндетті.

Ата-аналардың жауапкершілігі (18-бабының 1, 2-тармақтары)

Ата-аналар баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға, материалдық жағынан күтіп-бағуға, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

2016 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Заңның 24-бабына баланың жан-жақты дамуы үшін қажетті өмір сүру жағдайларын жасау міндетін ата-аналарына немесе басқа да заңды өкілдеріне бекітетін өзгерістер енгізілді (2019 жылғы 1 сәуірдегі № 240-VI Қазақстан Республикасының Заңы).

Қазақстанда баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар мен заңды өкілдерге Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік қолдау көрсету жолымен қолдау көрсетіледі. Баласы (балалары) бар отбасыларды және баланы (балаларды)

тәрбиелеп отырған заңды өкілдерді қолдаудың кешенді моделі мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, ақшалай төлемдер жүйесін, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды, салық салу кезіндегі жеңілдіктерді қамтиды.

Ата-анасынан айыру (9-бап)

Қазақстанда ата-ана құқықтарынан айыру ерекше шара болып табылады және сирек қолданылады. Ведомстволық органдар мұндай отбасыларға қолдау көрсетеді және баланың мүддесі үшін оны отбасында барынша сақтауға тырысады.

ҚР НЖОК сәйкес ата-аналар, егер олар ата-ана міндеттерін орындаудан жалтарса, алимент төлеуден қасақана жалтарса, өз баласын перзентханадан дәлелді себептерсіз алудан бас тартса, балаға қатыгездікпен қараса, оған күш немесе психикалық зорлық-зомбылық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне оқталса, құмар ойындарын, бәс тігуді, спирттік ішімдіктерді немесе есірткі және, сондай-ақ олар өз баласының өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде ата-ана құқықтарынан айырылады.

Ата-ана құқықтарынан айыру тек қана сот тәртібімен жүргізіледі. Бұл ретте ата-ана құқықтарынан айыру ата-аналарды өз баласын күтіп-бағу міндетінен босатпайды, бұл міндет оны асырап алуға байланысты тоқтатылады. Ата-анасы ата-ана құқықтарынан айырылған бала тұрғын жайға меншік құқығын немесе тұрғын жайды пайдалану құқығын, сондай-ақ ата-аналарымен және басқа да туыстарымен туыстық фактісіне негізделген мүліктік құқықтарын, оның ішінде мұра алу құқығын сақтайды. Баланы басқа ата-анаға беру мүмкін болмаған кезде немесе ата-анасының екеуі де ата-ана құқықтарынан айырылған жағдайда, бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына беріледі.

Ата-аналар мінез-құлқын, өмір салтын және бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерткен болса, сот олардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіруі мүмкін (78-бап).

Егер ата-ана құқықтарын қалпына келтіру баланың мүдделеріне қайшы болса, сот баланың пікірін ескере отырып, ата-аналардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы. Он жасқа толған балаға қатысты ата-ана құқықтарын қалпына келтіру оның келісімімен ғана мүмкін.

Сот баланың мүдделерін ескере отырып, баланы ата-ана құқықтарынан айырмай, ата-аналарынан алып қою арқылы ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім қабылдай алады. Өзіне қатысты ата-аналары (не олардың біреуі) ата-ана құқықтарынан айырылған немесе шектелген баланы орналастыруды баланың тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган жүргізеді. Егер ата-аналардың ата-ана құқықтары шектелген негіздер жойылса, сот ата-аналардың талабы бойынша баланы ата-аналарына қайтару туралы шешім шығарады.

Баланың өміріне немесе оның денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган

баланы ата-анасынан немесе қамқорлығындағы басқа адамдардан дереу айырып алуға құқылы. Баланы айырып алу кезінде қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган кешіктірмей прокурорға хабарлауға, баланы уақытша орналастыруды қамтамасыз етуге және республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың ЖАО баланы айырып алу туралы акт шығарғаннан кейін жеті күн ішінде ата-аналарды ата-ана құқықтарынан шектеу туралы немесе айыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Есепті кезеңде қолайсыз отбасылар мен ондағы балалардың саны 2016 жылғы 11715 /17163-тен 2020 жылы 7210/11670-ке дейін қысқарды.

Баланы ата-анасынан айырып алуға және оны басқа адамдарға беруге байланысты сот шешімдері қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган өкілінің және бала берілетін адамның (адамдардың) міндетті түрде қатысуымен, ал қажет болған жағдайларда ішкі істер органдары өкілінің қатысуымен мәжбүрлі түрде орындалатын болады. Баланы оның мүдделеріне нұқсан келтірмей ата-анасынан айырып алу және оны басқа адамға (адамдарға) беру туралы сот шешімін орындау мүмкін болмаған кезде, бала соттың ұйғарымы бойынша баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда уақытша орналастырылуы мүмкін.

Есепті кезеңде 2200 ауданында ата-ана құқықтарынан айыру бойынша қаралған істердің маңында шамалы ауытқулары байқалады, алайда 2016 жылдан бастап қанағаттандырылған талап қоюлардың үлес салмағы 91,7%-дан 61,8%-ға дейін қысқарды. Жалпы, соңғы бес жылда ата-ана құқығынан айыру туралы қанағаттандырылған талаптар санының 2015 жылғы 2107-ден 2020 жылы 1240 іске дейін төмендеуі байқалады.

Бұл процесте кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік комиссияларға елеулі рөл бөлінген, ол кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың және әлеуметтік жетімдіктің алдын алу саласындағы үйлестіруші орган болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 229 комиссия: 14 облыстық, 39 қалалық, 176 аудандық комиссия жұмыс істейді.

Отбасымен қайта қосылу (10-бап)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 13 бұйрығымен "Отбасын біріктіру мақсатында шетелде тұратын этникалық қазақтар қатарындағы туыстарын Қазақстан Республикасына қоныстандыру үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының шақыруларын қарау және куәландыру қағидалары" бекітілді.

"Халықтың көші-қоны туралы" Заңда балалар, оның ішінде асырап алынған, он сегіз жасқа толмаған, некеде тұрмайтын және шақырушы адамның асырауындағы және (немесе) қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы), денсаулық жағдайына

байланысты себептер бойынша өзін-өзі қамтамасыз ете алмайтын балалар отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасына келетін шақырушы адамдардың отбасы мүшелері бола алады деп көзделген.

Баланы күтіп-бағуды қалпына келтіру (27-баптың 4-тармағы)

Баланың ҚР НЖОК сәйкес өз ата-анасынан және отбасының басқа да мүшелерінен қаражат алуға құқығы бар. Ата-аналар, өз кезегінде, балаларды күтіп-бағуды ұсыну тәртібі мен нысанын дербес айқындай алады.

Ата-аналар ажырасқан кезде өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағу туралы келісім жасалады. Олай болмаған жағдайда сот ата-аналардан алимент өндіріп алады. Еңбекке қабілетті ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын асырап-бағуға міндетті. Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алименттің мөлшерін сот алимент төлеу кезінде қолданылатын АЕК еселенген қатынаста, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен назар аударуға тұрарлық басқа да мүдделерін негізге ала отырып айқындайды.

Алименттер сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға өндіріп алынады және қамқоршыларға немесе олардың патронат тәрбиешілеріне, сондай-ақ бала тәрбиеленетін мекемелердің шоттарына төленеді. Алимент төлеуден жалтару қылмыстық тәртіппен жазаланады. Уақытша, алимент төлеуден жалтарған ата-ананы іздестіру кезеңінде балаға жәрдемақы ай сайын жоғары мөлшерде төленеді.

2018 жылғы 12 шілдедегі № 180-VI Қазақстан Республикасы Заңымен ҚР ҚК 139-бабына өзгерістер енгізілді, онда ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамағаны үшін – алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту қосымша жаза түрі көзделген. Екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жөніндегі жазалау шаралары ҚР ҚК 139-бабының жаңа редакциясында сақталған.

2016 – 2020 жылдары ҚР ҚК 139-бабы бойынша 1904 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелген.

Әлеуметтік жәрдемақылар, балалы отбасыларға өтемақы төлемдері және алимент төлеу саласында азаматтардың кепілдік құқықтары туралы көпжақты келісім жасалды. Келісім Ресей, Молдова, Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Армения, Беларусь, Грузия, Қырғызстан және Қазақстан аумағында қолданылады.

Отбасы ортасынан айырылған балалар (20-бап)

Қорытынды ескертулердің № 36, 37 тармақтары

Қазақстан интернаттық үлгідегі мекемелерден балаларды отбасына тәрбиелеуге орналастыруға және ата-аналармен балаларды қандас отбасыларда сақтау бойынша жұмыс істеуге бағытталған институционализациялаудың сәтті саясатын іске асыруда.

Тәуелсіздік алған кезде Қазақстанда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 100 000-ға жуық болды. 2020 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 4,3 есеге төмендеп, 23 410 баланы құрады. 2016 жылмен салыстырғанда қысқару 5009 баланы құрады. Оның ішінде 81,8% немесе 19 156 бала қазақстандық азаматтардың қамқорлығында, патронатында, асырап алушы отбасыларында тәрбиеленуде.

Баланы қабылдайтын отбасы және бала қонақтайтын отбасы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың жаңа нысаны болып табылады (2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V ҚРЗ Заңы).

Интернаттық ұйымдар (балалар үйлері) тәрбиеленушілерінің саны 2016 жылғы 7236 -дан 2020 жылы 4254-ке дейін төмендеді. Осылайша интернаттық ұйымдардағы тәрбиеленуші балалардың үлес салмағы 2016 жылғы 25,5 %-дан 2020 жылы 18,2%-ға дейін қысқарды.

2015 – 2020 жылдар аралығында балалар үйлерінің саны 146-дан 98-ге дейін қысқарды. 2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша Қазақстанда білім беру жүйесінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған 60 ұйым (3336 бала), Денсаулық сақтау жүйесінде – 20 ұйым (272 бала), әлеуметтік қорғау жүйесінде – 18 ұйым (646 бала) болды.

Қазақстанның барлық өңірінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарды деинституцияландыру, ірілендіру және трансформациялау, сондай-ақ кәсіби қабылдаушы отбасыларды дамыту бойынша өңірлік жоспарлар әзірленді және іске асырылуда.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін қолдау шаралары және тұрғын үймен қамтамасыз ету

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардың түлектерін әлеуметтік бейімдеу мақсатында ел өңірлерінде "2015 – 2018 жылдарға арналған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау жөніндегі кешенді жоспары", "Өмірі мен мансапты жоспарлау" жобасы, "Мейірім", "Өзіңнен баста" акциялары шеңберінде іс-шаралар іске асырылды, онда тәрбиеленушілерді кәсіптік айқындау, ірі кәсіпорындар, бизнес субъектілері, бюджет саласы ұйымдары қатарынан шефтік ұйымдарды бекіту бойынша жұмыс жүргізіледі. Түлектермен әлеуметтік әріптестік туралы шарттар жасалады, оларға сәйкес олар одан әрі жұмысқа орналасумен, тұрғын үймен қамтамасыз етумен, әлеуметтік қызметтер топтамасы беріліп оқытудан өтеді.

Қазақстанда жетім баланың және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланың тұрғын үй алу құқығын көздейтін заңнамалық база қалыптастырылды. 2013 жылдан

бастап осы санаттың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға бірінші кезектегі құқығы, сондай-ақ лауазымды адамдар мен заңды өкілдердің тұрғын үй алуға кезекке уақтылы қою және бекітілген тұрғын үйдің сақталуы үшін жауапкершілігі енгізілді.

Кезекке қою жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар 29 жасқа толғанға дейін жүзеге асырылады. Маңызды сәт, осы санатқа жататын адамдарды кезектен шығаруға жол берілмейді.

Бала асырап алу (21-бап)

Қорытынды ескертулердің № 38, 39 тармақтары

Отбасын құрудың барлық нысаны ішінде бала асырап алу ең қолайлы болып табылады. Есепті кезеңде Қазақстанда бала асырап алу институтын дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды.

2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V Қазақстан Республикасының Заңымен ҚР НЖОК Қазақстанда "Республикалық деректер банкін" енгізетін 15-1-тарауымен толықтырылды.

Банк жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың және балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген адамдардың деректерін қамтиды.

Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сайтында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда тәрбиеленетін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпарат орналастырылады. Жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы туынды ақпаратқа жынысы, жасы, денсаулық жағдайы, мінезінің ерекшеліктері, ата-ана қамқорлығының болмау себептері, аға-інілері мен апа-сіңлілерінің (қарындастарының) болуы, кәмелетке толған туыстары, отбасына тәрбиелеуге орналастырудың ықтимал нысандары туралы ақпарат, сондай-ақ балалардың фотосуреттері жатады.

Бала асырап алушы ата-аналар мектебі

2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI Қазақстан Республикасының Заңымен жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруға жәрдем көрсету жөніндегі ұйымдардың қызметі регламенттелді, сондай-ақ әлеуетті асырап алушы ата-аналарды міндетті психологиялық даярлау енгізілді (2020 жылғы 1 шілдеден бастап қолданылады).

Әлеуетті бала асырап алушыларды психологиялық даярлау "Психологиялық даярлық бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптарды, жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген, Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарын психологиялық даярлау жөніндегі қызметті ұйымдастыру

тәртібін және осындай даярлықтан өткені туралы сертификат нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 165 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Психологиялық даярлықты жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды Қазақстан Республикасы азаматтарының отбасына орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі ұйымдар, сондай-ақ жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары жүзеге асырады.

2020 жылы екі үкіметтік емес ұйым: "Ана үйі" ҚҚ және "Ковчег" мекемесі психологиялық даярлық жүргізуге аккредиттеу алды.

2020 жылы 2362 адам қабылдаушы ата-аналар мектептерінде оқудан өтті.

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Заңға шетелдіктер асырап алған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтауын көздейтін өзгеріс енгізілді . Шетелдіктер асырап алған баланы Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға не шығаруға ол кәмелетке толғаннан кейін және оның ерікті қалауы бойынша ғана жол беріледі деп көзделген (2016 жылғы 9 сәуірдегі № 501-V Қазақстан Республикасының Заңы).

Шетелдік бала асырап алу рәсімінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бала асырап алу жөніндегі шетелдік агенттіктерді аккредиттеу енгізілді. Шетелдік азаматтардың қазақстандық балаларды асырап алуы аккредиттелген халықаралық агенттіктер арқылы ғана мүмкін болады, олардың саны республикада 20-дан аспауға тиіс.

2016 жылғы наурызда "Соттардың бала асырап алу туралы заңнаманы қолдану практикасы туралы" ҚР ЖС нормативтік қаулысы қабылданды.

2016 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (№ 11 -1-2/243) бұйрығы қабылданды, онда Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің шетелдіктерге асырап алуға берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды бақылауын күшейту бойынша өзгерістер енгізілді.

Бала туралы қамқоршылыққа байланысты жағдайларды мерзімді бағалау (25-бап)

Бала туралы қамқоршылыққа байланысты жағдайларды мерзімді бағалау ҚР АҚ-ге және ҚР НЖОК-қа сәйкес жүргізіледі. Қамқорлыққа алынған балалардың тұрғылықты жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдары қорғаншылар мен қамқоршылардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Жылына кемінде екі рет тиісті көмек көрсету мақсатында қорғаншылықтағы балалардың өмір сүру жағдайлары мен тәрбиесіне бақылау тексерулері, сондай-ақ қорғаншының отбасындағы баланың жағдайына қадағалау жүргізіледі. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердегі балаларды күтіп-бағу, тәрбиелеу және оларға білім беру жағдайларына да бақылауды жүзеге асырады.

Қорғаншылыққа және қамқоршылыққа берілген балалардың денсаулық жағдайын бақылау аумақтық балалар емдеу-профилактикалық мекемелеріне жүктелген, онда басым деп аталатын отбасыларда (асырап алушы балалар тәрбиеленетін отбасыларда) тәрбиеленетін балаларды есепке алу практикасы қалыптасқан. Жергілікті денсаулық сақтау органдары мен мекемелеріне сәбилер үйлерінің, балалар үйлерінің және басқа да интернаттық мекемелердің тәрбиеленушілерін емдеу-алдын алу іс-шараларымен қамтамасыз ету міндеті жүктелген, олардың әрқайсысының штатында қолданыстағы нормативтерге сәйкес міндетті түрде медицина қызметкерлері болады. Мамандандырылған медициналық қызметтер көрсету қажет болған жағдайда олар аумақтық арнаулы медициналық орталықтарда жүзеге асырылады. Оларға медициналық көмек бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Заңсыз орын ауыстыру және қайтармау (11-бап)

Қазақстан отбасылық қатынастарды реттейтін бірқатар халықаралық келісімдердің қатысушысы болып табылады. Атап айтқанда, Қазақстан 1980 жылғы 25 қазанда Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы конвенцияны ратификациялады (2012 жылғы 13 қарашадағы № 48-V Қазақстан Республикасының Заңы).

Осы Конвенцияға сәйкес Қазақстан Балаларды олардың заңсыз орын ауыстыруының немесе оларды ұстап қалудың зиянды салдарларынан халықаралық қорғауды қамтамасыз ету және оларды әдеттегі тұрғылықты жерінің мемлекетіне жылдам қайтару жөніндегі рәсімдерді белгілеу, сондай-ақ қарым-қатынас жасау құқығын қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Баланы қайтару және оған қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру процесі уәкілетті орган – ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті және сот арқылы іске асырылады. Комитет Қазақстанда Конвенцияның қолданылуына байланысты мәселелер бойынша консультация береді және қажетті ақпараттық қолдау алуға және өтініштер жасауға көмек алуға; Қазақстандағы заң рәсімдерінің ерекшелігін түсінуге; баланы өз еркімен қайтару туралы уағдаласуға көмектеседі.

2016 – 2020 жылдары ҚР БҒМ БҚКК-ге балаларды қайтару мәселесі бойынша Қазақстанның 71 азаматы өтініш білдірді. Оның ішінде 35 бала Қазақстанға Ресей Федерациясынан, Украинадан, Молдовадан, Иорданиядан, Оңтүстік Африкадан, Оңтүстік Кореядан, Франциядан және БАӘ-ден қайтарылды.

Балаларды қайтарудың сот тәртібі ҚР АПК 51-тарауында айқындалған, ол Қазақстан Республикасының халықаралық шарты негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арыздар бойынша іс жүргізуді реттейді.

Осы санаттағы істерді кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған соттар қарайды. Өтінішті баланы қайтаруға бастамашылық жасаған ата-ананың өзі береді.

1959 жылғы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Баланың құқықтары декларациясының 6-қағидатына сәйкес, жас бала, ерекше мән-жайлар болған жағдайларды қоспағанда, анасынан ажырамауы керек. Осы Қағидатқа сәйкес соттар көп жағдайда ананың пайдасына шешім қабылдайды.

Бұл ретте жекелеген жағдайларда шетелдік соттардың баланың тұрғылықты жерін және осыған байланысты басқа да мәселелерді айқындауға қатысты қарама-қарсы шешімдері бар.

ҚР АПК 501-бабына сәйкес шетелдік соттардың шешімдерін, егер мұндай актілерді тану және орындау заңнамада және Қазақстан ратификациялаған халықаралық шартта не өзара түсіністік негізінде көзделсе, Қазақстан Республикасының Соттары таниды және орындайды.

VII. МҮГЕДЕКТІК, БАЗАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

Мүгедектігі бар балалар және мүмкіндіктері шектеулі балалар (23-бап)

Қорытынды ескертулердің № 40, 41 тармақтары

Қазақстанда балалар мүгедектігі ең өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Мүгедектігі бар балалардың құқықтарын қорғау Қазақстанның мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау және балалардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамамен бекітілген. Есепті кезеңде Қазақстан мүгедектігі бар балалардың құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіру үшін белсенді шаралар қабылдауды жалғастырды.

2020 жылдың соңында Қазақстанда 94,7 мың мүгедектігі бар бала тіркелген, оның ішінде 16 жасқа дейінгі 84,9 мың бала, I топтағы 16-дан 18 жасқа дейінгі 1,6 мың бала, II топтағы 16-дан 18 жасқа дейінгі 2,8 мың бала, III топтағы 5,4 мың бала. 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін балалар мүгедектігінің өсуі 18,9%-ды құрады. Мүгедектігі бар балалардың үлес салмағы балалардың жалпы санының 1,5 %-ын құрады (2016 жылы – 1,41 %).

2020 жылы балалар арасындағы алғашқы мүгедектік себептерінің арасында бірінші орында – туа біткен даму кемістіктері (30,2 %), екінші орында – жүйке жүйесінің аурулары (21,9 %), олардың арасында балалар церебралды сал ауруы салдарынан мүгедектігі бар балалар елеулі үлесті құрайды. Психикалық бұзылулар салдарынан мүгедектік үшінші орынды алады – 16,2 %.

Балалар мүгедектігі санының артуы елдегі мүгедектігі бар балалардың абсолюттік және салыстырмалы санының өсуін ғана емес, сондай-ақ балаларды анықтау, тіркеу және кейіннен қорғау жағдайларының артуын да көрсетеді.

Қазақстанда мүгедектігі бар балалар мемлекеттің оңалтуға (абилитациялауға), әлеуметтендіруге, әлеуметтік бейімдеуге және дағдылы өмір сүру жағдайларына әлеуметтік ықпалдасуға, әлеуметтік қызмет көрсетуге, дағдылы және арнаулы білім беру мекемелерінде тәрбие мен оқытуға, денсаулығын қорғауға көмек алуға құқылы.

Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар мемлекеттен материалдық көмек алады. 2020 жылы мүгедек бала тәрбиелеп отырған адамдарға берілетін ай сайынғы жәрдемақыны 49,6 млрд теңге сомасына 89,5 мың адам алды. 18 жастан асқан бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтімі бойынша ай сайынғы жәрдемақыны орта есеппен 14,5 мың адам 7,9 млрд теңге сомасына алды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 мамырдағы № 326 қаулысымен Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар бекітілді. Ұлттық жоспардың мақсаты Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауға байланысты Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және Қазақстанды 2030 жылға дейін әлеуметтік жаңғырту шеңберінде барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғам қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 2020 өкімімен Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балаларға кешенді көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі 2021 – 2023 жылдарға арналған жол картасы бекітілді. Жол картасында мүгедектіктің алдын алу және ерте түзету-дамыту көмегі, оңалту қызметтерін ұйымдастыруды жетілдіру, есепке алу жүйесін жетілдіру және арнайы техникалық құралдармен, дәрілік және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету, кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру көзделген.

Мүгедектігі бар балаға оңалту әлеуетіне сәйкес оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) әзірленеді, ол организмнің бұзылған және жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге және (немесе) олардың орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шараларының кешенін айқындайды.

Туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру және мүгедек балаларға басқа азаматтармен тең жағдайларда қоғам өміріне қатысу мүмкіндігін қалыптастыру мақсатында стационар, жартылай стационар, үйде күтім көрсету жағдайларында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі (2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV Қазақстан Республикасының Заңы).

Халықты әлеуметтік қорғау саласында жылына 150-ге жуық баланы қамтитын тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған стационарлық үлгідегі 4 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы, 2 мыңға жуық баланы қамтитын психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған 16 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді.

72 күндік болу ұйымы жұмыс істейді, онда 2 мыңнан астам бала қызмет алады. Балалармен психологтар, дефектологтар, логопедтер, ЕДШ нұсқаушылары, массажисттер жұмыс істейді, олар тұрмыстық қызмет көрсету, медициналық оңалту, тиісті жеңілдіктер мен жәрдемақыларды ресімдеуге жәрдемдесу бойынша қызметтер, психологиялық және педагогикалық көмек көрсетеді. 1 мыңнан астам бала Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің 16 оңалту орталығында арнаулы әлеуметтік қызметтер алады. Денсаулық сақтау жүйесінде балаларға көмек көрсететін 23 оңалту орталығы жұмыс істейді, оның ішінде 3-і республикалық деңгейде (Ақмола облысы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары).

2020 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы қорының "Қамқорлық" бастамасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде еліміздің 8 өңірінде медициналық ұйымдардың базасында жаңа медициналық жабдықтармен жарақтандырылған балаларды оңалту орталықтары ашылды.

Мүгедектігі бар 12 мыңнан астам балаларға ұсынылатын баламалы әлеуметтік көмекті 199 үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі көрсетеді.

Сондай-ақ, 164 үкіметтік емес ұйым 4 мыңнан астам балаға жартылай стационар жағдайында және үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде 1 мың баланы қамтитын стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі 7 ұйым жұмыс істейді.

"Салауатты ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасы шеңберінде өңірлерде 8 балаларды оңалту орталықтарын және 2 ерте араласу орталығын салу жоспарлануда.

Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада, сондай-ақ аудан орталықтарында 60 мың балаға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (бұдан әрі – ПМПК) жұмыс істейді. ПМПК-ның негізгі міндеттері – ерекше білім беруді қажет ететін (бұдан әрі – ЕББҚ) балаларды ерте анықтау және оқу бағдарламаларының тиісті түрін ұсыну: жалпы білім беру, арнайы немесе жеке.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ПМПК есебінде ЕББҚ бар 161 826 бала болды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 14,1%-ға артық (141 821 бала).

Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде, оның негізгі қағидаты – ЕББҚ баланың тиісті жағдайлар жасалған кезде жалпы білім беретін ортада дені сау құрдастарымен бірлесіп оқуға құқығы.

2020 – 2021 оқу жылының басында инклюзивті білім беру үшін жағдай жасалған мектептердің үлесі 74,9 % құрады (2016 – 2017 оқу жылы – 44,7 %).

Мектеп жасындағы ЕББҚ балалардың саны 107 348 құрады, оның ішінде 41 581 (38,7 %) инклюзивті білім берумен қамтылған (2016 – 2017 оқу жылында – 25,95 %).

100 арнайы жалпы білім беру ұйымдарында 14 989 оқушы оқиды. Жалпы білім беретін мектептерде 2 007 арнайы сынып жұмыс істейді, онда 11 175 бала оқиды. ЕББҚ 8 335 бала үйде оқиды.

Орта білім беру жүйесінде ЕББҚ 1 білім алушыға қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативінің неғұрлым жоғары мөлшері көзделген. 2021 жылы орта білім беруді қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативінің орташа мөлшері жалпы білім беретін сыныптың бір оқушысына – 452 668 теңгені, түзету сыныбының бір оқушысына – 731 701 теңгені, ал үйде оқитындар үшін 2 016 142 теңгені құрады, бұл жалпы білім беретін сыныптағы бір оқушы бөлінетін сомадан 4,5 есе жоғары.

Көзі көрмейтін және нашар көретін балаларға (Брайль қарпімен және ірілендірілген қаріппен), сондай-ақ зияткерлік бұзушылықтары бар 0, 1, 2, 5, 7 сыныптардағы балаларға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешені (бұдан әрі – ОӘК) әзірленді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 26 маусымдағы (№ 56-VII ҚРЗ) Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заң ЕББҚ балаларды психологиялық-педагогикалық коррекциялық қолдаумен қамту көрсеткіштерін жақсартуға және кадрлармен қамтамасыз ету мәселелерін шешуге бағытталған.

Заңда психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қызметінің "медициналық" қызметтен "әлеуметтік-педагогикалық" қызмет моделіне көшуді көздейтін нормалары қайта қаралды. ПМПК функциясына баланы білім беру ұйымына қабылдағанға дейін білім беру ұйымдарында арнайы жағдайлар жасауды болжауға мүмкіндік беретін ЕББҚ баланың білім беру маршрутының мониторингі енгізілген. Сондай-ақ, ПМПК ұсынатын психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру бойынша мемлекеттік қызметті автоматтандыру көзделген.

Сондай-ақ, аталған Заңда ЕББҚ балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру жөніндегі норма қабылданған. Мемлекеттік тапсырыс 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап іске асырылатын болады және жеке сектордың дайын әлеуетін пайдалана отырып, түзету кабинеттері, оңалту орталықтары желісін кеңейтуге бюджеттің күрделі шығыстарынсыз ЕББҚ балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т.б. салалардағы Ақпараттық жүйелерді интеграциялау бойынша жұмыс аяқталуда, оның шеңберінде ЕББҚ бар балаларды бірыңғай есепке алу жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беруді дамытуда қоғамдық ұйымдар үлкен рөл атқарады. "Болашақ" корпоративтік қорының "Әрбір бала мектепке лайық" жобасын іске асыру шеңберінде ЖАО-дың көмегімен 2015 – 2020 жылдар кезеңінде еліміздің барлық

өңірлерінде жалпы білім беретін мектептер жанынан 41 инклюзияны қолдау кабинеті ашылды, онда аутизммен ауыратын 400-ден астам балаға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Өмір сүру және даму (6-бап, 2-тармақ),

Денсаулық сақтау және медициналық қызмет көрсету, атап айтқанда, алғашқы медициналық-санитариялық көмек (24-бап)

Қорытынды ескертулердің № 42, 43 тармақтары

Қазақстанда өскелең ұрпақтың денсаулығын қорғау мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы іске асырылды.

2021 жылдан бастап "Салауатты ұлт" әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасы іске асырылуда. Ұлттық жобаның басты ерекшеліктерінің бірі аурулардың алдын алу, үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып уақтылы көмек көрсету және толыққанды оңалту арқылы балалардың, жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын нығайтуға бағытталған.

Туу кезіндегі күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2016 жылғы 72,4 жастан 2019 жылдың қорытындысы бойынша 73,19 жасқа дейін ұлғайды. 1000 тірі туылғандарға шаққандағы нәресте өлімі 2016 жылғы 8,77-ден 2020 жылдың қорытындысы бойынша 7,77-ге дейін төмендеді. 5 жасқа дейінгі балалардың өлім-жітімі 1000 тірі туылғандарға шаққанда 2016 жылғы 10,79-дан 2020 жылдың қорытындысы бойынша 9,41-ге дейін төмендеді. 100 000 тірі туылғандарға шаққанда ана өлімі 2016 жылғы 15,7-ден 2019 жылдың қорытындысы бойынша 13,7-ге дейін төмендеді. Алайда, 2020 жылы ана өлімі 2,8 есеге артып, 36,5-ті құрады. 2020 жылы ана өлімінің күрт өсуі covid-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясымен байланысты.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмекті (бұдан әрі – МСАК) жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 103-ө өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасында бастапқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту жөніндегі 2019 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды.

МСАК деңгейінде негізгі инфекциялық емес аурулардың скринингтік бағдарламасы енгізілді.

Денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін материалдық ынталандыру бойынша шаралар қабылдануда. Елбасының "Әлеуметтік қамқорлық" жаңа әлеуметтік шараларын іске асыру аясында 2019 жылғы 1 маусымнан бастап денсаулық сақтау қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға арттырылды. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медицина қызметкерлерінің жалақысы 20%-ға

өсті. 2023 жылға қарай дәрігерлер жалақысының орташа көрсеткішін экономикадағы орташа жалақыдан 2,5 есе жоғары деңгейге жеткізу жоспарлануда (2018 жылы бұл көрсеткіш 0,93:1 болған).

2020 жылдың қорытындысы бойынша бір дәрігерге бекітілген халық саны 1 700 адамға дейін төмендеді (2014 жылы – 2303 адам). МСАК қолжетімділікті арттыру үшін жалпы практика дәрігерлерінің санын ұлғайтудан басқа, денсаулық сақтау субъектілерін ірілендіру жүргізіледі. Қалаларда МСАК шағын практикаларының қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жеке инвесторлар тартылуда. Ауылдық жерлерде МСАК қызметтері аудандық ауруханалармен біріктірілген, олардың штатында медициналық пункттерде, фельдшерлік-акушерлік пункттерде және дәрігерлік амбулаторияларда жұмыс істейтін жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер мен мейіргерлер тұрады.

МСАК қызметтерін көрсету саласындағы кәсіпкерлік қызметтің тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар 2019 жылы жеке меншік өнім берушілердің үлесін барлық өнім берушілердің 36,2 %-ына дейін жеткізуге мүмкіндік берді.

Медициналық ұйымдардың халыққа, оның ішінде шалғай жерлерде орналасқан елді мекендердің тұрғындарына аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдануда. Азаматтардың тұратын жерлеріне жақын жеке және топтық отбасылық дәрігерлік амбулаториялар ашу үшін жағдайлар жасалуда. Сондай-ақ ауылдық жерлердегі және шалғайдағы елді мекендердегі халық үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі қашықтықтық медицина мен көлік медицинасының (медициналық пойыздардың, жылжымалы медициналық кешендердің, санитариялық авиацияның) ресурстарын пайдалана отырып қамтамасыз етіледі.

2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша республикада 248 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде дәрігерлер – 76 443 адам (2016 жылы – 74 611), орта медицина қызметкерлері – 185 757 адам (2016 жылы – 170 819) қызметін жүзеге асырды.

Науқас балаларға арналған төсек саны 2020 жылдың соңында 20 899 құрады, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 2 340 бірлікке артты. Балаларды аурухана төсектерімен қамтамасыз ету 2,4 %-ға өсті және бір төсек-орынға тиісті жастағы 301 баланы құрады.

Қазақстанда АИТВ-инфекциясының таралуы шоғырланған сатыда тұр. ДЭФ ЖБИ (Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі) рейтингінде Қазақстан соңғы жылдар ішінде АИТВ таралуы төмен елдер тобына кірді. АИТВ-инфекциясы бар балалардың белсенділігі жоғары антиретровирустық терапияға толық қолжетімділігі қамтамасыз етілді, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі – (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде қажетті медициналық көмек көрсетіледі.

Балалардың психикалық денсаулығы

Қорытынды ескертулердің № 44, 45 тармақтары

Мемлекеттік органдар кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу және болдырмау жөнінде шаралар кешенін қабылдауда.

"Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында суицидтердің алдын алу бойынша жобаны кезең-кезеңімен енгізу туралы" бірлескен ҚР ДСӘДМ (ҚР Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы Жарлығымен ҚР Еңбекмині, және ҚР ДСМ бөлінді), 2015 жылғы 11 наурыздағы № 201 ҚР БҒМ және ҚР ІІМ бұйрығын орындау шеңберінде балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы әзірленді және іске асырылды.

2018 жылдан бастап бірқатар өңірлерде (Нұр-Сұлтан қаласы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда облыстары) кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу және өмірлік дағдыларды қалыптастыру (Bilim Foundation) бағдарламасы іске асырылуда.

Жасөспірімдер мен жастардың денсаулығын сақтау және жақсарту үшін МСАК желісіндегі жастар денсаулық орталықтарының қызметі жетілдірілуде. Жасөспірімдер мен жастарға, сондай-ақ зорлық-зомбылық, қудалау (қорқыту) құрбандарына депрессия, өзіне-өзі қол жұмсау туралы ойлар бойынша кеңестер беріледі.

Өзіне-өзі қол жұмсаудың әрбір фактісі бойынша өзіне-өзі қол жұмсауға жеткізгені және оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды белгілегені үшін қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының болуына сотқа дейінгі тергеп-тексерулер жүргізіледі. 2016 – 2020 жылдары сотқа дейінгі тергеу нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға кәмелетке толмағандардың суицид жасауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жою жөнінде 632 ұсыныс енгізілді. Ұсыныстарды қарау қорытындысы бойынша білім беру органдарының 258 маманы және 96 медицина қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Тұрақты негізде БАҚ, оның ішінде әлеуметтік желілер, суицидтік мінез-құлықты тікелей немесе жанама насихаттайтын заңсыз контентті анықтау және бұғаттау бойынша мониторинг жүргізіледі. 2016 – 2020 жылдары ІІМ интернет желісінде суицидті насихаттайтын 366 заңға қарсы материалдарды жойды.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан кәмелетке толмағандар арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. ЛА-155/6 мекемесінің, сондай-ақ тергеу изоляторларының психологтары (тергеу және жазаны өтеу үшін мекемеге жолдаманы күту кезеңінде) жасөспірімдерге оқшаулау жағдайларына, әлеуметтік ортаға, ұстау режиміне бейімделуде, жазаны өтеу процесінде туындайтын дағдарысты, мазасыз және стресстік жағдайларды еңсеруде, кәмелетке толмағандар арасындағы тұлғааралық қатынастарды жақсартуда психологиялық көмек көрсетеді.

Мектеп психологтары мен МСАК медицина қызметкерлерін жасөспірімдер арасында суицид қаупін ерте анықтау, тәуекел тобындағы кәмелетке толмағандармен түзету жұмыстары бойынша оқыту курстары жүргізіледі.

Балалар мен жасөспірімдердің дене және психикалық денсаулығын қалыптастыруға, ата-аналар мен оқытушыларды балалар мен жасөспірімдердің психикасындағы тұрақсыздық белгілерін, қауіп төндіретін суицидтік мінез-құлқын тануға үйретуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қабылданған шаралар Қазақстандағы балалардың суицид көрсеткішін төмендетуге мүмкіндік берді. 2016 – 2020 жылдары 5-17 жас аралығындағы балалар арасында суицидтің 843 фактісі тіркелді, оның ішінде ұлдар – 543, қыздар – 300. 2020 жылы балалардың өзіне-өзі қол жұмсауының 144 фактісі тіркелді, бұл 2016 жылдың көрсеткішінен 17,7%-ға төмен.

Жасөспірімдердің денсаулығы

Қорытынды ескертулердің № 46, 47 тармақтары

Қазақстандық балалар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығы өзекті мәселе болып қалуда. 2020 жылы ерте жүктіліктің 3162 жағдайы тіркелді, оның ішінде 2777 жасөспірім қыз жүктілікті тоқтатты. Ерте жүктіліктің тіркелген жағдайларының саны 2017 жылмен салыстырғанда 1586 жағдайға немесе 33,4 %-ға төмендеді.

2020 жылы 15-тен 19 жасқа дейінгі жасөспірім қыздардың туу көрсеткіші осы жас тобында 1 000 туылғанға 23,17 құрап, 4,93 тармаққа немесе 17,5 % төмендеді. Дегенмен, жасөспірімдер арасында босану деңгейі жоғары болып қала береді. Қазақстандық жасөспірімдер арасында балалардың туу деңгейі дамыған елдерге карағанда 5-6 есе жоғары.

ДСМ репродуктивті денсаулықты қорғау мәселелері бойынша тұрақты негізде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері бойынша жастарды ақпараттандыру жөніндегі Ұлттық коммуникациялық стратегия мен медиажоспар іске асырылуда.

Барлық өңірлерде Жастардың денсаулық орталықтары (бұдан әрі – ЖДО) жұмыс істейді, олардың негізгі мақсаты денсаулықты сақтау және отбасын жоспарлау мәселелері бойынша білікті медициналық-психологиялық әлеуметтік және тегін медициналық-әлеуметтік көмек көрсету арқылы жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтендіру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және медицина қызметкерлері үшін ЖДО деңгейінде оларға қызмет көрсету ерекшеліктері бойынша арнайы біліктілік курстары тұрақты негізде өткізіліп тұрады.

ҚР ДСМ БҰҰ-ның Қазақстандағы халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) қаржылық және техникалық қолдауымен және Қазақ Дерматология және инфекциялық аурулар ғылыми орталығы мен қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының белсенді жәрдемдесуімен shyn.kz жобасын іске асырды. Сайтта Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, БҰҰ-ның халық қоныстануы саласындағы қоры (ЮНФПА), БҰҰ-ның АИТВ/ЖИТС жөніндегі біріккен бағдарламасы (ЮНЭЙДС), БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) әзірлеген сексуалдық және репродуктивтік денсаулық

туралы заманауи ғылыми негізделген білім мен ұсынымдар орналастырылған. Жасөспірімдердің анонимді сұрау салу және жыныстық және репродуктивті денсаулықтың әртүрлі мәселелері бойынша тегін көмек алу мүмкіндігі бар.

Дүниежүзілік банк пен ЮНФПА-ның 2020 – 2021 жылдарға арналған Жастар денсаулық орталығының жұмысы үшін әдістемелік материал әзірлеу жөніндегі бірлескен жобасы іске асырылуда, ұрпақты болу денсаулығын сақтау саласында клиникалық хаттамалар, жасөспірімдер мен жастарға жеке және топтық психологиялық консультация беру алгоритмдері, жасөспірімдер, жастар мен ата-аналар үшін ұрпақты болу денсаулығын сақтау мәселелері бойынша ақпараттық материалдар әзірленуде.

Жоба шеңберінде 11 клиникалық хаттама, репродуктивті, психологиялық, әлеуметтік және құқықтық бағыттағы кеңес берудің 11 алгоритмі, операциялық стратегия, құрылымдық органограмма әзірленді. ЖДО институционалдық даму стратегиясы әзірленді.

Қоршаған ортаның жай-күйі

Қорытынды ескертулердің № 48, 49 тармақтары

Арал теңізі

Арал теңізінің құрғаған табанында шаң мен тұздың көтеріліп таралу проблемасын шешу мақсатында Қазақстан бөлігінде соңғы 25 жылда 183 мың гектар алқапқа сексеуіл ағаштары отырғызылды. Жыл сайын Қызылорда облысының облыстық бюджетінен бөлінген қаражатқа Арал теңізінің құрғаған түбіне 6500 гектар жерге сексеуіл отырғызылады.

Оңтүстік Корея Республикасымен бірлесіп "Арал теңізінің құрғаған түбінде фитолесомелиоративтік жұмыстар жүргізу" жобасы іске асырылды. 2018 – 2020 жылдар кезеңінде 13,3 мың гектар жерге 5 млн сексеуіл көшеттері отырғызылды.

"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау" (бұдан әрі – САРАТС-2) жобасы жобасының екінші фазасы іске асырылуда. Ол 8 компоненттен тұрады (І кезеңде – 6 компонент, ІІ кезеңде – 2). Жобаның бірінші кезеңі: 1) Қызылорда су торабының сол жағалау-реттеуші шлюзін қалпына келтіру; 2) Қазалы және Қармақшы аудандарында қорғау бөгеттерін салу; 3) Қорғанша және Тұрымбет учаскелерінде Сырдария өзенінің арнасын түзету; 4) Қазалы ауданы Бірлік ауылының маңында автожол көпірін салу; 5) Қамыстыбас және Ақшатау көлдерінің жүйелерін қалпына келтіру; 6) Арал ауданындағы Қамыстыбас балық питомнигінің Тастақ ауылындағы су тоғандарын қайта жаңарту және кеңейту. Кіші жобалар бойынша ТЭН пысықтау: 1) Арал теңізінің солтүстік бөлігін реконструкциялау (бір деңгейлі немесе екі деңгейлі нұсқа); 2) Сырдария өзені бассейнінің қазақстандық бөлігінде су ресурстарын басқарудың жұмыс орталығын салу және жабдықтау. Дүниежүзілік банктің қарызын тарту рәсімдерінің ұзаққа созылуына байланысты, Қазақстан Республикасы Үкіметі республикалық бюджет есебінен (Дүниежүзілік Банктің қарызынсыз) САРАТС-2 жобасының І кезеңінің 4 компонентін іске асыруды бастау

туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, оның 3 компонентін (Қармақшы, Қазалы аудандарында қорғаныс бөгеттерін нығайту, Жалағаш ауданының Қорғанша және Тұрымбет учаскелерінде өзен арнасын түзету және Қызылорда су торабын кешенді жөндеу) "Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2019 – 2022 жылдарға арналған кешенді жоспары" жол картасы аясында, ал 1 компонентін (Қазалы ауданы Бірлік ауылының маңында көпір салу) Өңірлерді дамыту бағдарламасы шеңберінде іске асыру жоспарлануда.

САРАТС-2 жобасының 6 компонентінің 4-еуі республикалық бюджет есебінен іске асырылатындықтан, Дүниежүзілік банк жүргізілген талқылаулар мен консультациялар негізінде Сырдария өзені бассейнінің қазақстандық бөлігін және Солтүстік Арал теңізін кешенді дамыту бойынша жаңа тәсілді ұсынды, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту үшін қосымша компоненттерді қоса отырып, САРАТС-2 жобасының атауын "Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру жобасына" өзгерту ұсынылды.

Жоба алдын ала жалпы құны 190 млн АҚШ доллары 3 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – "Су шаруашылығы инфрақұрылымын жетілдіру және Сырдария өзенінің САТ бассейнінде (Солтүстік Арал теңізі) гидрологиялық режимді жақсарту" - сомасы 120 млн АҚШ доллары. Екінші компонент – "Қызылорда облысының орнықты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдау" - сомасы 60 млн АҚШ доллары. Үшінші компонент – "Ақпараттық базаны және су ресурстарын басқаруды, өңірлік жоспарлауды және жобаны басқаруды жетілдіру" - сомасы 10 млн АҚШ доллары.

2020 жылғы 15 шілдеде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Дүниежүзілік Банк арасында Дүниежүзілік Банк сарапшыларымен 1,5 млн АҚШ доллары сомасына әзірленген "Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру жобасының" ТЭН әзірлеуге грант туралы келісімге қол қойылды, 2020 жылғы 15 желтоқсанда грант туралы келісім күшіне енді.

Бүгінгі таңда ҚР ЭГТРМ осындай жобаларды әзірлеуге мамандандырылған халықаралық компанияларды іріктеу жұмыстарын жүргізуде.

Семей сынақ полигоны

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" РМК "Бұрынғы Семей сынақ полигонының қауіпсіздігін қамтамасыз ету" бағдарламасын іске асыруда.

2020 жылы Семей сынақ полигонын (бұдан әрі – ССП) экологиялық тексеру жалғастырылды. Полигон аумағының 88,8 % (16 252,9 км²) зерттелді, оның жалпы ауданы 18 311,4 км² құрайды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша 2020 жылы зерттелген ССП аумағының басым бөлігінде табиғи орта объектілеріндегі радионуклидтердің болуы рұқсат етілген деңгейде болады және зерттелетін аумақтың Батыс және оңтүстік-шығыс

бөліктеріндегі радиоактивті ластанудың екі учаскесін қоспағанда, ядролық қаруды сынау салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет емес. Радиациялық ластанған учаскелердің жалпы ауданы 691 км² құрайды, бұл жалпы зерттеу алаңының 37 % құрайды. Халық үшін радиациялық қауіп төндіретін осы учаскелерде ядролық сынақтардың салдарын жою және қолжетімділікті шектеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу жоспарлануда.

2021 жылы ССП-ның барлық аумағын кешенді тексеруді аяқтау жоспарлануда.

Үкіметтің 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 362 қаулысымен бекітілген Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау шараларын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылды. ССП-дағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға берілетін жеңілдіктер мен өтемақылардың мөлшері ұлғайтылды.

"Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңның 13-бабына сәйкес осы заңда айқындалған радиациялық қауіпті аумақтарда тұратын халықтың қосымша еңбекақы және жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыс алуға құқығы бар.

2019 жылы СЯСП аумағында инфрақұрылымды сауықтыру және дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді іс-шаралар жоспары бекітілді.

2021 жылы Семей қаласында Ядролық медицина және онкология орталығы ашылды. Орталық онкологиялық ауруларды дер кезінде анықтауға және емдеуге мүмкіндік береді. Орталықта жоғары білікті қызметкерлер жұмыс істейді, заманауи диагностикалық жабдық пен аппаратура орнатылды.

Балаларды психотроптық заттарды заңсыз пайдаланудан қорғауға арналған шаралар (33-бап)

2016 жылдан бастап 2020 жылды қоса алғанда кәмелетке толмағандар арасында алкогольизм мен нашақорлықтың таралу көрсеткіштерінің қысқаруының оң үрдісі байқалады. Кәмелетке толмағандар арасында алкогольді тұтыну көрсеткіші тиісті жастағы 100 мың тұрғынға шаққанда 2016 жылғы 9,1-ден 2,3 жағдайға дейін 4 есеге дерлік азайды. "Психотроптық белсенді заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылу" диагнозы алғаш рет белгіленген балалар санының көрсеткіші (нашақорлық көрсеткіші) 2016 жылғы 2,8-ден 2020 жылы 100 мың кәмелетке толмаған тұрғынға шаққанда 1,2 жағдайға дейін 3,4 есеге төмендеді.

Қазақстанда балалардың психикалық белсенді заттарды қолдану жағдайы статистиканың біршама төмендеуіне қарамастан бұрынғысынша өткір.

Кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ ересектердің нашақорлық пен уытқұмарлық мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру мақсатында осы салада халықты ағартуға бағытталған шаралар жүзеге асырылады.

Республиканың барлық өңірінде жасөспірімдер мен жастар арасында есірткінің, әсіресе синтетикалық есірткінің жаңа түрлерінің адам организміне зиянды әсері,

сондай-ақ салауатты өмір салтын жүргізуге ынталандыру тақырыбында үнемі ақпараттық жұмыс жүргізіледі.

Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында есірткіге қарсы интерактивті сабақтар өткізіледі. 2016 жылдан бастап ел мектептерінде темекіге, алкогольге және есірткіге тәуелділікке тарту тәуекелдерін анықтау бойынша компьютерлік бағдарламаларды қолдану жүзеге асырылуда.

Есірткіні пайдалануға тартылған жасөспірімдерге көмек көрсетуде, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттауда арнайы оңалту мекемелерін, нашақорлардың өзара көмек клубтарын құратын, "дөңгелек үстелдер", семинарлар өткізетін, арнайы әдебиеттер шығаратын ҰЕҰ белсенді рөл атқарады.

Әлеуметтік қамсыздандыру, бала күтімі жөніндегі қызметтер мен мекемелер (26-бап және 18-баптың 3-тармағы)

Өмір сүру деңгейі (27-баптың 1-3-тармақтары)

Қорытынды ескертулердің № 50, 51 тармақтары

Қазақстанда баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар мен заңды өкілдерге Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен әлеуметтік қолдау көрсету арқылы қолдау көрсетіледі. Баласы (балалары) бар отбасыларды және баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған заңды өкілдерді қолдаудың кешенді моделі мемлекеттік жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер, ақшалай төлемдер жүйесін, сондай-ақ жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды, салық салу кезіндегі жеңілдіктерді қамтиды.

Балалы отбасыларға берілетін жәрдемақылар

"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жәрдемақылардың мынадай түрлері көзделген:

1) бала тууға байланысты тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала туғанда берілетін жәрдемақы);

2) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала күтімі жөніндегі жәрдемақы);

3) бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалары бар көп балалы отбасыларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – көп балалы отбасыға жәрдемақы);

4) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр Ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы

аналарға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – көпбалалы анаға берілетін жәрдемақы);

5) мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы);

6) бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (бұдан әрі – бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы).

Бала туғанда берілетін жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, барлық босанған әйелдерге (жұмыс істейтіндерге де, жұмыс істемейтіндерге де) төленеді. Жәрдемақы мөлшері баланың туу кезектілігіне байланысты болады (бірінші, екінші, үшінші балаға – 38,0 АЕК, төртінші және одан көп балаға – 63,0 АЕК)

2020 жылы 430,7 мың адам 52,3 млрд теңге сомасына бала туғанда берілетін жәрдемақы алды.

Сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмыс істейтін аналар үшін жүктілік және босану бойынша төлем көзделген, оның мөлшері әйелдің соңғы 12 айдағы орташа айлық табысына байланысты. 2020 жылы мұндай төлемнің орташа мөлшері 498,7 мың теңгені құрады, олардың адресаттары жалпы сомасы 96,4 млрд теңге сомасына 203,2 мың адам болды.

Бала күтімі бойынша жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін аналарға төленеді.

Жұмыс істемейтін әйелдер үшін бұл жәрдемақы отбасында туған және тәрбиеленетін балалардың санын ескере отырып, сараланған мөлшерде төленеді. 2020 жылы жәрдемақы мөлшері 5,76 АЕК-тен (бірінші бала) 8,90 АЕК-ке дейін (төртінші бала) құрады. 2020 жылы бұл жәрдемақыны 31,7 млрд теңге сомасына 121 мың адам алды.

Сондай-ақ, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмыс істейтін аналар үшін соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40 % мөлшерінде 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем көзделген. Осы төлемдердің орташа мөлшері 2020 жылы 32 055 теңгені құрады, оларды жалпы сомасы 106,4 млрд теңгеге 501,6 мың адам алды.

Бұдан басқа, мемлекет әйелдерге әлеуметтік төлемді есептеу кезінде ескерілген орташа айлық табыстың 10 % мөлшерінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялайды. Бұл әйел бала күтімі бойынша демалыста болған кезеңде зейнетақы жинақтарының үзілмеуі үшін жасалады.

Ата-аналардың баланы (балаларды) тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындауына тиісінше көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде мынадай жеңілдіктер мен ата-аналарды еңбек қызметінде қорғау көзделген: жүкті әйелдерді бұрынғы жұмысындағы орташа жалақысынан төмен емес ақы төлей

отырып, зиянды өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа уақытша ауыстыру (44-бап), үш жасқа дейінгі балалары, болған кезде жұмыскердің еңбекке уақытша қабілетсіздігі және демалыста болуы кезеңінде, жалғызділікті аналармен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу мүмкіндігін шектеу (54-бап), Жұмыс берушінің әйелдерді және жеті жасқа дейінгі балалары бар басқа да адамдарды және Он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерді жазбаша келісімінсіз түнгі уақытта жұмысқа тартуға құқығы жоқ (76-бап) және т. б.

Көпбалалы отбасына жәрдемақы төрт және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларға төленеді. 2020 жылы жәрдемақы мөлшері 16,03 АЕК-тен (төрт балаға) 28,06 АЕК-ке дейін (жеті балаға) құрады. Сегіз және одан да көп бала тәрбиелеп отырған отбасыларға – әрбір балаға 4 АЕК. 2020 жылы бұл жәрдемақыны жалпы сомасы 236,2 млрд теңгеге орта есеппен 392,4 мыңнан астам отбасы алды.

5 және одан да көп бала туып, оларды 18 жасқа дейін тәрбиелеген аналар 53 жасында зейнетке шығуға құқылы.

Көпбалалы анаға берілетін жәрдемақы өмір бойы болып табылады және оның табысына қарамастан тағайындалады. Жәрдемақы мөлшері 6,4 АЕК-ті құрайды. 2020 жылы бұл жәрдемақыны 49,1 млрд теңге сомасына орта есеппен 232,3 мың адам алды. "Алтын алқа" және "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған көпбалалы аналар да бірқатар салықтар мен мемлекеттік баждарды төлеуден босатылды.

Мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақы ай сайын мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға және бала асырап алушыларға 1,4 АЕК мөлшерінде ол кәмелетке толғанға дейін төленеді. 2020 жылы бұл жәрдемақыны жалпы сомасы 49,6 млрд теңгеге орта есеппен 89,5 мың отбасы алды.

ЖАО-дың шешімі бойынша үйде оқитын мүгедектігі бар балалардың ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу ұсынылады. 2020 жылы көмектің бұл түрін 14,2 мың отбасы жалпы сомасы 800,5 млн теңгеге алды, бұл ретте орташа мөлшері айына 4,7 мың теңгені құрады.

Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы ай сайын ата-аналарға, қамқоршыларға және асырап алушыларға 1,4 АЕК мөлшерінде төленеді. Отбасында бала кезінен бірінші топтағы екі және одан да көп мүгедек тұрған жағдайда, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы олардың әрқайсысына тағайындалады және төленеді.

Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды қолдау

"Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V Қазақстан Республикасының Заңының 28-бабына сәйкес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 557 бұйрығы қабылданды, онда "Отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) берілген жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету" әлеуметтік стандартының нормалары мен нормативтері бекітілді.

Осы стандартқа сәйкес жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға мынадай қолдау түрлері көрсетіледі.

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат мектепке дейінгі жастағы бір бала үшін – айына 6 АЕК; мектеп жасындағы бір бала үшін тамақтануға – 7 АЕК; бір бала үшін киім-кешек, аяқ киім және жұмсақ мүкәммал – айына 3 АЕК төленеді.

Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға берілген жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға айына 10 АЕК мөлшерінде жәрдемақы төленеді.

Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алушыға 75 АЕК мөлшерінде біржолғы ақшалай төлем белгіленген.

Бала асырап алушы ата-аналарға ай сайын 10 АЕК мөлшерінде ақшалай қаражат төленеді.

Табысы аз отбасыларды қолдау

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастарының, босқындардың, шетелдіктердің және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) алуға құқығы бар. Қазақстан бойынша кедейлік шегінің мөлшерін орталық атқарушы орган мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай пайыздық мәнде орта есеппен жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы негізінде айқындайды.

Есепті кезеңде АӘК көрсету тәсілдері үш рет өзгерістерге ұшырады (2018 жылғы 1 қаңтар, 2019 жылғы 1 сәуір және 2020 жылғы 1 қаңтар). АӘК төлеуге бағытталатын бюджет шығыстарының көлемі 18,8 есе – 2017 жылғы 13 млрд теңгеден 2019 жылы 244,5 млрд теңгеге дейін, ал алушылар саны – 95 есе, оның ішінде балалар – 81,6 есе өсті. 2020 жылы АӘК 184,7 мың отбасына немесе 936,2 мың адамға тағайындалды.

2020 жылы COVID-19 коронавирустық инфекциясының пандемиясына байланысты енгізілген карантиндік шаралардың салдарын жою мақсатында 4,5 миллионнан астам адам ең төменгі жалақы мөлшерінде (42,5 мың теңге) әлеуметтік төлем алды.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап табысы аз отбасылар қатарындағы 1 жастан 18 жасқа дейінгі балалар үшін кепілдендірілген әлеуметтік топтама енгізілді, ол оқу орны

бойынша тегін тамақтануды, қалалық қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруді, мектеп формасымен және керек-жарақтармен қамтамасыз етуді, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – балаларға азық-түлік жиынтықтарымен және тұрмыстық химия тауарларымен қамтамасыз етуді көздейді. 2020 жылы кепілдендірілген әлеуметтік топтамамен 403,4 мың бала қамтылды.

VIII. БІЛІМ БЕРУ, БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР

Кәсіптік даярлау мен кәсіптік бағдарлауды қоса алғанда, білім алу құқығы (28-бап)

Білім беру сапасына сілтеме жасай отырып, білім беру мақсаттары (29-бап)

Қорытынды ескертулердің № 52, 53 тармақтары

Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың маңызды қағидаты баршаның сапалы білім алу құқықтарының теңдігі болып табылады.

Есепті кезеңде барлығына білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бойынша жұмыс жалғастырылды.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Мемлекет Қазақстан азаматтарының мемлекеттік білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тегін оқытуды (бес жастан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейін), бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуын қамтамасыз етеді. Әскери, арнаулы оқу орындарында алатын білімді қоспағанда, егер Қазақстан азаматы осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекет мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды қамтамасыз етеді.

Қазақстанда тұрақты тұратын, сондай-ақ отбасын біріктіру мақсатында Қазақстанға келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға Қазақстан азаматтарымен тең құқықтары бар.

